| **Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)** | "Отбасыда" ритмикалық жаттығуы.<br>Мақсаты: балаларды көркемсөздің ырғағына қимылдарды қайталап, орындауға жаттықтыру; отбасы мүшелері жөнінде ұғымдар қалыптастыру.<br>- Отбасымда атам бар, топ-топ-топ, аяқ басар (сап түзеп бір орында тұру).<br>- Отбасымда әжем бар, оз тәп-тәтті нан жабар (алақандарды кеуде алдында ішке қарай айналдыру).<br>- Отбасымда әкем бар, тоқ-тоқ-тоқ кілем қағар (жұдырықпен кеудені соққылау)<br>- Отбасымда анам бар, тап-таза қылып еденді жуар (алдыға еңкею).<br>- Отбасымда мен де бармын, тәртіпті бала боламын (алақандарды кеудеге қойып, оң-солға еңкею). (тіл дамыту және көркем әдебиет, құрастыру)<br>"Көпіршік" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі)<br>Мақсаты: балаларды белгі | «Үй» саусақ гимнастикасы. (дене тәрбиесі, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Жап-жаңа үй саламыз, (қолымызбен басымызға шатыр жасаймыз).<br>Татулықта тұрамыз. (бір қол екінші қолды алып қысады)<br>Біздің үйде терезе бар. (саусақтарымызбен төртбұрышты жасап қараймыз).<br>Терезеден қараймыз! (терезеден қарау).<br>"Өз үйіңді тап" қимылды ойын.<br>Ойыншылар 3-4 кішкентай, ұзыншақ келген аласа орындықтарда отырады. Барлық балаларда әдемі үлкен ойыншықтар: бірінші тұрған ұзыншақ орындықта қуыршақ, екіншісінде - ит, үшіншісінде - мысық, төртіншісінде - аю, қоян.<br>«Серуенге шығамыз» деген нұсқауымен барлық балалар орындарынан тұрып бірінің артынан жүреді. Серуен барысында балалар түрлі қозғалыс қимылын орындайды (секіреді, жүгіреді, жүреді).<br>«Жаңбыр жауа бастады» деген нұсқауымен балалар өз үйлеріне қарай жүгіреді. Ойынды қайталау барысында балаларға білдірмей | «Үлкен және кішкентай доптар» әзімылды ойыны. (дене тәрбиесі)<br>Мақсаты:<br>балалардың кеңістікті бағдарлау қабілетін жетілдіру; қолдың ұсақ моторикасын, заттың көлемі туралы түсініктерін дамыту.<br>Ойын шарты.<br>Балалар бірге үлкен және кішкентай доптарды зерттейді. Олардың қайсы үлкен, қайсы кішкентай екенін ажыратады. Доптарды жерге шашып тастайды. Ойын басында педагог балалардан үлкен доптарды алып келулерін және оларды себетке салуларын сұрайды. Кейін балалар кішкентай доптарды себетке жинайды. Жердегі барлық доптарды жинап болған соң, балалар бірге доптарды себетке дұрыс салғандарын балалармен бірге тексереді. (Ойынды 2-3 рет ойнатуға болады.)<br>Сюжеттік-рөлді ойын. «Шаштараз».<br>Мақсат: Балаларды шаштараз ойынымен таныстыру, шаштарын үнемі тарақпен тарап, әдемілеңіп жүруді үйрету. Шаш өрудің әртүрлі үлгісін көрсету.<br>Әсемдікке, әдемілікке тәрбиелеу.<br>**(қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)** | «Ағайындылар» саусақ ойыны.<br>(тіл дамыту және көркем әдебиет, дене тәрбиесі)<br>Мақсаты:<br>балалардың көру және есту зейінін, қабылдауын, ойлауын, артикуляциясын, қолдың ұсақ моторикасын дамыту, бір сюжет өзара әрекеттесу қабілетін дамытуға ықпал ету; өзіне сенімділікке тәрбиелеу.<br>– Бір күні екі ағайынды серуендеуге шығыпты. Олардың артынан тағы екі ағайынды келе жатты. Ең үлкені ағасы шықпады, ол бауырларын үйге шақырды. Оларды дастарқан басына отырғызып, дәмді ботқа берді.<br>– Балалар, осы ағайындылар қолымыздың бес саусағы болып шықты. Алдымен, бес саусақтың атауларын есімізге түсірейік.<br>Кімнің есінде?<br>– Бас бармақ, балаң үйрек, ортан терек, шылдыр шүмек, кішкене бөбек!<br>1. Алақанды үстелге қоямыз.<br>2. Бес саусақты бір-біріне қосып ұстаймыз. | «Менің балаларым қайда?» музыкалық-дидактикалық ойыны. (музыка, қоршаған әлеммен таныстыру)<br>Мақсаты:<br>балаларға үйрек қаз, тауық және басқа құстар мен олардың балапандарын суреттеріне қарап ажыратуды үйрету.<br>Құралдар: төрт үлкен үлестірмелі қағаз бен бірнеше кішкентай үлестірмелі қағаз. Үлкен қағаздарда: қаз, үйрек, тауық, басқа құс бейнеленген. Ал, кішкентайларында үйректің балапандары, тауықтың балапандары, ұядағы балапандар бейнеленген.<br>Балалар музыкалық жетекшіге қарама-қарсы жаққа жартылай шеңбер құрып отырады.<br>Бірінші болып өз балапандарын үйрек шақыра бастайды. (балаларға үйректің суретін көрсетеді):<br>– Менің балапандарым қайда?<br>Қақ-қақ!<br>Үйректің суреті бар балалар жауап береді: «Қақ-қақ! Біз осындамыз!» – деп әндетеді. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | сөздерге сай қимылдауға үйрету, шеңберге тұруға, оны кеңейтуге, содан кейін тарылтуға, олардың қимылын айтылған сөздермен үйлестіруге үйрету.<br>Үрлен, үрлен көпіршік,<br>Үлкен болып үрленші.<br>Үлкен болып үрлен де,<br>Жарылмашы, түрленші. | ойыншықтардың орнын ауыстырып қояды. Балалар өз үйлерін жылдам табуы керек. **(сөйлеуді дамыту, дене тәрбиесі)** | | 3. Шылдыр шүмек пен кішкене бөбекті оң жақ шетке жылжытайық.<br>4. Балаң үйрек пен ортан теректі сол жақ шетке жылжытайық.<br>5. Енді барлығын бас бармаққа қарай жақындатамыз.<br>– Балалар, сендерге ботқа ұнады ма? Сендерге қандай ботқа ұнайды? Сендерге қандай ботқа ұнамайды?<br>Дидактикалық ойын «Ботқа пісіреміз». (сенсорика, тіл дамыту және көркем әдебиет, қоршаған әлеммен таныстыру)<br>Мақсаты: балаларды қасықты дұрыс ұстай отырып, саусақтарымен заттарды ұстауға және қол білегімен айналмалы қимылдар жасауға үйрету.<br>Қажетті материалдар: қуыршақ, шо, ағаш қасық (шағын), балаларға арналған ыдыс-аяқ, бұршақ (асбұршақ). | Музыкалық жетекші балалардан құстардың суретін жинап алып, әңгімесін әрі қарай жалғастырады:<br>«Балапандарының дауыстарын естіген үйрек қуанып кетеді, ол балапандарының қасына барады. Сол кезде тауық өз балапандарын шақырады: «Менің балапандарым қайда екен? Құт-құт, құт-құт!» – дейді. Ойын осылай жалғасады.<br>Текшелермен ойын. (құрастыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Мақсаты:текшелер арқылы биік немесе аласа "үйлерді" салуға ынталандыру, текшелердің шеттерін, "үйді" құламайтындай түзеп отыруды көрсету.<br>Құралдар: текшелер.<br>Бірге үй саламыз (қол белде).<br>Түзу тұрамыз (екі аяқ арасы алшақ)<br>Төменнен бастаймыз (қолды алға созу),<br>Қайта отырамыз (отыру),<br>Кірпішті кірпішке салып (қолдар жоғарыға). |
| **Балалармен жеке жұмыс** | "Баулармен ойнау" ойыны.<br>Мақсаты:қолдың ұсақ моторикасын дамыту.<br>Балаларға баулармен жұмыс істеу үлгісін көрсетеді.<br>- Қараңдаршы, балалар, бұның шеттерінде тесіктер бар. Сол тесіктерге бауларды өткізу керек. Мен бауды әр тесікке бір жағынан, екінші жағынан өткіземін. Қандай тегіс жол пайда болғанын қараңдар. Ал енді, сендер жасап көріңдер. Балалар баулармен әртүрлі оюлар жасап көреді.<br>**(сенсорика)** Томирис | Ермексаздан ұсақ кесектерді үзіп алуды және дөңгелектерді илеу амалдарын игерту. "Ұсақ бауырсақтар".<br>(мүсіндеу)<br>Қимылды ойын. «Доптарды салу»<br>Мақсаты: Доптарды себетке сала алады.<br>Ойынды ұйымшылдықпен ойнай біледі.<br>**(дене тәрбиесі)** Хамзата | "Сипау арқылы тап" ойыны.<br>Мақсаты:заттарды сипап-сезу арқылы тану және атауды үйрету.<br>Құрал-жабдықтар. Жаңа жылдық сыйлықтар туралы толық мәлімет береді.<br>- Балалар, Аяз ата жаңа жылдық сыйлықтарды қапқа салып кетіпті. Сендер оларды қаптан шығармай, сыртынан сипау арқылы атауларың керек.<br>**(тіл дамыту және көркем әдебиет, сенсорика)** Ихсан | "Әртүрлі түстер (бірінші бөлім)" атты мультфильмін көру.<br>Мақсаты:балалардың негізгі түстер туралы ұғымдарының қалыптасуына ықпал ету, түстерді атауға ынталандыру.<br>**(тіл дамыту және көркем әдебиет)** Аруназ | Ермексаздан ұсақ кесектерді үзіп алуды және дөңгелектерді илеу амалдарын игерту. "Қар жауды".<br>**(мүсіндеу)** Парасат |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | |
| **Серуенге дайындық** | Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: белгілі реттілікпен киінуге және шешінуге, тісті тазалауға, ұқыптылыққа, киіміндегі олқылықтарды байқауға, оларды ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге, ас ішу құралдарын орнымен қолдануға баулу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет) | | | | |
| **Серуен** | **Картотека №** 7 | **Картотека №** 5 | **Картотека №** 15 | **Картотека №** 13 | **Картотека №** 9 |
| **Серуеннен оралу** | Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)<br>Сабынды дұрыс қолдануды, қолды жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді, орамалды орнына ілуді үйрету. Тамақтанар алдында қолды жуу, таңертең және кешке тісті тазалау дағдыларын қалыптастыру.<br>Ағып жатыр мөлдір су,<br>Қане, қолды созып жу,<br>Алақанды уйкелеп,<br>Саусақтарменен тербелеп. (Д.Ахметова)<br>"Үнемді тұтыну": Біз ақылды баламыз. «Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру. | | | | |
| | | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы**<br>"Балалардың бөбекжайға үйренісуінің ерекшеліктері" | | "2-3 жасар балалардың жас ерекшеліктері" | "Ата-ананың баланы бөбекжайға әкелуі және алуы кезіндегі әрекеттері" | "Баланың қандай тағамға аллергиясы бар?" | Әңгімелесу. "Бөбекжай ережелері" |

**Тәрбиешілер :** Фатхоллина А.Ж Исмагулова Д.Г

Тексерілген күні: 12.09.2025
Әдіскер: [signature] А.Ж. Жумагалиева

# ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

Қыркүйек айы (3апта)

Мектепке дейінгі ұйым :«Балбөбек» жеке бөбекжайы
Топ: Құлыншақ кіші топ
Балалардың жасы: 2 жастағы балалар
Қандай кезеңге жасалды (апта күндерін, айды, жылды көрсету): 15.09 - 19.09.2025ж.
Қыркүйек – Еңбекқорлық және кәсібі біліктілік айы

| Апта күндері | *Дүйсенбі* | *Сейсенбі* | *Сәрсенбі* | *Бейсенбі* | *Жұма* |
|---|---|---|---|---|---|
| | **15.09.2025** | **16.09.2025** | **17.09.2025** | **18.09.2025** | **19.09.2025** |
| **Апта дәйек сөздері:"Ақырын жүріп анық бас,еңбегің кетпес далаға!" Абай Құнанбайұлы** | | | | | |
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау.<br>Сәлемдесу<br>Қайырлы таң, ашық аспан!<br>Қайырлы таң, кең далам!<br>Қайырлы таң, күннің нұры!<br>Қайырлы таң, балабақшам!<br>Бәрі бірге айтады.<br>(тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Менің Қазақстаным» Қазақстан Республикасының Гимн орындауы.<br>Міндеттер: Балаларды патриоттық тәрбиені қалыптастырады.<br>(музыка) «Күй күмбірі»<br>Күймен балаларды қарсы алу.<br>(музыка) | | | | |
| **Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру** | "Баланың қимыл белсенділігін қалыптастырудағы отбасының рөлі" әңгімелесу. | "Бала тәрбиесіндегі қиыншылықтар" | Жаднама:<br>"Балаға қандай ойыншықтар сатып алуға болады?" | Балаларды мәдени-гигиеналық ережелермен таныстыру. | Ата-аналарға кеңес.<br>"Демалысты пайдалы өткізу". |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары)** | «Өнегелі тәрбие»<br>Еңбек: Ойын бұрыштарында тұрған ойыншықтарға көңіл аудару, құлыншақ ойыншығын атауға ынталандыру, қолға ұстату, сипату, шығаратын дыбыстарынакөңіл аудару.<br>«Менің Қазақстаным» Қазақстан Республикасының Гимн орындауы.<br>Міндеттер: Балаларды патриоттық тәрбиені қалыптастырады.<br>(музыка)<br>Саусақ ойыны. "Ток-ток, ток-ток, саусағым".<br>Міндеттері. Баланың тілін, қолдың ұсақ моторикасын, еске сақтау қабілетін дамыту; жағымды эмоцияларға бөлене білу қабілетін қалыптастыру.<br>Ток-ток, ток-ток, саусағым,<br>Соққылайды томпағым.<br>Түймешені, түймешені,<br>Басып, басып таппадым.<br>Д. Ахметова<br>(тіл дамыту және көркем әдебиет, сенсорика) | «Өнегелі тәрбие»<br>Еңбек: Арнаулы бұрышта тұрған Қазақстанның кәдесый жалауының түсіне, құрылымына көңіл аудару.<br>"Пішін салғыш ойыншықпен ойын. (сенсорика, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Мақсат:Балалардың жағымды көңіл күйлерінің пайда болуына мүмкіндіктер жасау; ойлау қабілетін, зейінін, қолдың моторикасын дамыту.<br>Пішіндер шашылып қалды,<br>Үйшіктеріне қонбады.<br>Қане, барлығын жинайық,<br>Ұяларға салайық.<br>Саусақ жаттығуы: «Қуырмаш»<br>Мақсаты: балалар ән сөзіне қарай қимыл жасай алады.<br>Қолдың ұсақ моторикасы дамиды.<br>(музыка) | «Өнегелі тәрбие»<br>Еңбек: Жуыну бөлмесінде жуыну әдебінің үлгісін көрсету; қолдарын сабындауға көмектесу, су ағымы астына қоюды қадағалау; қолды сүлгімен сүртуді көрсету; тазалықты сақтау қажеттілігі туралы түсіндіру.<br>"Пирамиданы жинау ойыны. (сенсорика)<br>Мақсат:Балалардың жағымды көңіл күйлерінің пайда болуына мүмкіндік жасау; ойлау, қабылдау қабілеттерін, қолдың ұсақ моторикасын дамыту.<br>Кім пирамиданы шашқан,<br>Сақинаны ойнап басқан,<br>Өткір тырнақтарын бүріп,<br>Домалатып, айдап қашқан?<br>Қимылды ойын. «Доптарды салу»<br>Мақсаты: Доптарды себетке сала алады.<br>Ойынды ұйымшылдықпен ойнай біледі.<br>(дене тәрбиесі) | «Өнегелі тәрбие»<br>Еңбек: Ойыншық бұрышының шаңын сүрту әрекетіне көңіл аудару, қолмен шүберекті ұстап, сөрелердің үстімен жүргізуді көрсету, тазалықтың маңыздылығы туралы түсіндіру.<br>"Саусақ жаттығуы. "Бес саусақ". (тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Мақсат:Қолдың ұсақ моторикасын, сөйлеу тілін, жағымды эмоцияларды дамыту, ақыл-ой дамуына ықпал ету.<br>Оң қолымда бес саусақ,<br>Сол қолымда бес саусақ.<br>Оларды атап шақырар,<br>Әрқайсының аты бар.<br>Бас бармақ,<br>Балаң үйрек,<br>Ортаң терек,<br>Шылдыр шүмек,<br>Кішкене бөбек. | Ұлттық сезім күні<br>«Өнегелі тәрбие»<br>Еңбек: Балаларды тамақ ішкенде табақшаларды, қасықтарды қою, ішіп болғанда жинастыру іскерліктерін ынталандыру.<br>Тақпақты мәнерлеп оқу жаттығуы. (тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың шығарманы суретті қарап немесе көрнекіліксіз көркем әзді тыңдауға үйрету; таныс өлеңдерді оқыған кезде балаларға сөздерді, сөз тіркестерін қосылып айтуға мүмкіндік беру.<br>"Кемпірқосақ" (Ш. Әлдибекұлы)<br>Жаңбыр жауып басылды,<br>Аспан шайдай ашылды.<br>Суретші екен табиғат,<br>Бояуларын дайындап,<br>Түр-түсін дәл тауыпты,<br>Кемпірқосақ салыпты. |
| **Ертеңгілік жаттығу** | Жаттығулар кешені.<br>1. "Қасқыр мен лақ" жаттығуы.<br>Бастапқы қалып: аяқты иық деңгейіне қоямыз. Қол белде. Еңкейіп қолды оңға-солға созамыз. Бастапқы қалыпқа келеміз. Демді ішке тартамыз. Қолымызды жанымызға созып түсіреміз. Демді шығарамыз.<br>Отырып тұрамыз. Екі аяқтап секіреміз. (3 рет қайталау)<br>2. "Көңілді аяқтар"<br>Бастапқы қалып: аяқты иық деңгейіне қоямыз. Қол белде.<br>Бір дегенде орнымызда тұрып секіреміз. Екі дегенде бір орында жүреміз.<br>Бір ... (балалар орындарында тұрып секіреді)<br>Екі ... (балалар орындарында жүреді) (3 рет қайталау)<br>(дене тәрбиесі) | | | | |
| **Таңғы ас** | Гигиеналық дағдылар<br>Күнделікті өмірде гигиеналық дағдыларды сақтау қажеттігін білу. Тамақтанар алдында қолды жуу, таңертең және кешке тісті тазалау дағдыларын қалыптастыру.<br>Сабынды дұрыс қолдануды, қолды жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді, орамалды орнына ілуді үйрету.<br>Қанеки, жеңді түрейік,<br>Қолды жуып, күлейік. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Құрғақтап сүртіп қолды,<br>Орамалды орнына ілейік.<br>"Үнемді тұтыну": Біз ақылды баламыз. «Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру.<br>Үстел басындағы мәдениеттің қарапайым дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау.<br>Айтқан тілді аламыз.<br>Тамақ ішер алдында<br>Тып-тыныш отырамыз! (мәдени-гигиеналық дағдылар, тіл дамыту және көркем әдебиет) | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізуге дайындық** | «Менің Қазақстаным» - Қазақстан Республикасының әнұранын орындау.<br>"Күй күмбірі": "Ақ қайың" (орындаған Қаршыға Ахмедияров)https://kitap.kz/music/2/qarshyha-axmediyarov-kujler-iy<br>«Өнегелі тәрбие»: Достық және қарым-қатынас. Тақырыбы: «Менің досым» Мақсаты: достармен қалай араласу керектігін анықтау.<br>Қауіпсіз жайлы,дамытушы білім беру ортасын қалыптастыру | | | | |
| | Балалардың жағымды көңіл күйлерін қалыптастыру.<br>Ұйымдастырылған іс-әрекетке жағымды эмоциялық ахуалда ауысу үшін бәсеңдеу дыбыста салмақты әуенжазбасын қосу.<br>Аспанымызға "Сәлем"" айтамыз,<br>Алтын күнге "Сәлем!" айтамыз.<br>Балалар, біз де гүлдей болайық,<br>Күнге қолдарымызды созайық.<br>Д. Ахметова<br>(тіл дамыту және көркем әдебиет) | "Көпіршік" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі)<br>Міндеттер: балаларды шеңбер құрып тұруды, оны кеңейте және кішірейте білуді, өз қимылдарын мәтін сөзіне сәйкестендіруді үйрету.<br>Мөп-мөлдір көпіршік,<br>Қалықта аспанда.<br>Жарылмай ұша бер,<br>Ешкімнен жасқанба!<br>Балалар, баяу артқа қарай шегініп, шеңберді кеңейтеді.<br>"Көпіршік жарылды" сөзіне балалар қолдарын түсіріп, "ш-ш-ш" дыбысын дыбыстайды. | Жылулық шеңбері (тіл дамыту және көркем әдебиет, қоршаған әлеммен таныстыру)<br>Ашық менің жүрегім<br>Ылғи күліп жүремін.<br>Бірге ойнап жүретін<br>Достарым көп, білемін! | Сәлемдесу<br>«Армысың шапағатты, Күн-Ана!»<br>Армысың шапағатты, Күн-Ана!<br>Армысың қайырымды, Аспан-Ана!<br>Армысың мейірімді, Жер-Ана!<br>Құт дарыт, бар әлемді жарылқа!<br>(тіл дамыту және көркем әдебиет, қоршаған әлеммен таныстыру) | "Жаңбыр" жаттығуы. (тіл дамыту және көркем әдебиет, қоршаған әлеммен таныстыру)<br>Міндеттер: сөздердің айтылу жылдамдығын ажырата білуге үйрету, "тырс-тырс-тырс" деген сөздерді айтқызу, сонымен қатар әр түрлі қарқынмен: баяу, орташа, тез айтуға болады.<br>Төбеге тамшылар тамып жатыр. ("Тырс-тырс-тырс" деген дыбыстарды орташа ырғақта айтып, дыбыстайды.) Балалар қайталайды.<br>Жаңбыр жаңадан жауа басталған кезде оның тамшылары сирек тамып, басқаша тырсылдатады. ("Тырс-тырс-тырс" деген дыбыстарды баяу, созылыңқы ырғақта, кідірістермен айтып, дыбыстайды). Балалар қайталайды.<br>Егер жаңбыр қатты жауып тұрса, онда тамшылар төбені осылай қағып кетеді (тез қарқынмен айтылады). |
| **Кестеге сәйкес ҰІӘ** | **Ерте жас**<br>**Дене тәрбиесі**<br>"Дана мен Ая қуыршақтарға жаттығуды үйрету"<br>Міндеттері: балаларға жүру және жүгіру кезінде көрсетілген бағытты ұстануды үйрету, бір-біріне кедергі келтірмей әртүрлі бағытта жүгіруді үйрету, зейінін | **Ерте жас**<br>**Музыка**<br>"Әлди-әлди "<br>Міндеттері: музыкаға, ән салуға, музыкалық-ырғақтық қимылдарға қызығушылықты қалыптастыру. Балаларға мазмұны бойынша жақын әндерді тыңдауды, олардың көңіл-күйін эмоционалды | **Ерте жас**<br>**Дене тәрбиесі**<br>"Бізде қонақта орман бағбаны"<br>Міндеттері: балаларға жүру және жүгіру кезінде көрсетілген бағытты ұстануды үйрету, бір-біріне кедергі келтірмей әртүрлі бағытта жүгіруді үйрету, зейінін дамыту.<br>Балалардың өмірін қорғау және денсаулықты нығайту. Қимыл- | **Ерте жас**<br>**Дене тәрбиесі**<br>"Орман бағбанына қонаққа барамыз"<br>Мақсат-міндеттер: балалардың шектеулі зат үстімен жүру қабілетін бекіту; арқанның астынан өтуге, затты оң және сол қолмен қашықтыққа лақтыруды үйрету, шашыраңқы жүру және жүгіру, белгілі бір бағытта жүгіру қабілеттерін дамыту. | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | дамыту. Балалардың өмірін қорғау және денсаулықты нығайту. Қимыл-қозғалыстарға деген биологиялық қажеттіліктерін қанағаттандыру. Негізгі қимыл түрлерін дамыту. Дене шынықтыру әрекетін орындауға қызығушылықты ояту. Қарапайым қауіпсіздік ережелерін сақтау. | қабылдауды, ересектің көрсетуі бойынша сәйкес қимылдармен сүйемелдеуді, қосылып (таныс) ән айтуды үйрету. Музыкамен жүруге, қарапайым би қимылдарын көрсетуге (аяқты топылдату, қол шапалақтау) үйрету. Музыкалық-дидактикалық ойын "Сылдырмақ". | қозғалыстарға деген биологиялық қажеттіліктерін қанағаттандыру. Негізгі қимыл түрлерін дамыту. Дене шынықтыру әрекетін орындауға қызығушылықты ояту. Қарапайым қауіпсіздік ережелерін сақтау. | Балалардың өмірін қорғау және денсаулықты нығайту. Қимыл-қозғалыстарға деген биологиялық қажеттіліктерін қанағаттандыру. Негізгі қимыл түрлерін дамыту. Дене шынықтыру әрекетін орындауға қызығушылықты ояту. Қарапайым қауіпсіздік ережелерін сақтау. Қимылды ойын: "Қоян мен қасқыр". | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | таныстырудан ойын жаттығулар<br>"Саңырауқұлак".<br>Максат: балаларға саңырауқұлак туралы ұғым беру; жаңбырдың саңырауқұлактың пайда болуы мен үлкен болып өсуіне жағымды әсері туралы түсінік беру; балалардың ойын барысында жаңбыр мен саңырауқұлақ туралы алған білімдерін жетілдіру.<br>"Саңырауқұлактарды жинайық" дамытушы жаттығуы.<br>Мақсаты: аталған заттарды ғана себетке жинауды үйрету | әдебиеттен ойын-жаттығулар.<br>"Күн мен жаңбыр".<br>Мақсаты :балаларға күн мен жаңбыр туралы түсінік беру; олардың пайда болуы мен дыбыстық ерекшеліктері (жаңбырдың "там-там") жөнінде білімдерін кеңейту. Балаларға күн мен жаңбыр туралы түсінік беру; олардың пайда болуы мен дыбыстық ерекшеліктері (жаңбырдың "там-там") жөнінде білімдерін кеңейту. Балаларға күн мен жаңбыр туралы түсінік беру; олардың пайда болуы мен дыбыстық ерекшеліктері (жаңбырдың "там-там") жөнінде білімдерін кеңейту. Балалардың табиғат құбылыстары арқылы тілін, қабылдау қабілетін және еске сақтауын дамыту.<br>"Күн мен жаңбыр" қимылды ойыны. (дене тәрбиесі)<br>Мақсаты: мәтін сөздеріне байланысты қимылдарды орындауды үйрету. | "Доппен ойнаған мысық".<br>Мақсаты: балаларды жапсыруға қажетті құралдар және жапсыру тәсілдерімен таныстыра отырып, желімделген домалақ пішінді бейнені жапсыруды, ажырап кетпеуі үшін оны сүлгімен басуды үйрету; қолдың ұсақ моторикасын, түс пен пішінді қабылдауды, танымы мен зейінін дамыту; балаларды шығармашылық еңбекке, мәдени қарым-қатынас пен ізгілік ережелеріне тәрбиелеу.<br>"Допты түсіріп алма" ойыны.<br>Мақсаты: допты түсіріп алмай, қолдан-қолға беруді үйрету. (дене тәрбиесі) | "Ғажайып дорба".<br>Мақсаты: балаларды үлгіге немесе сөздік нұсқауға сүйеніп, біркелкі заттарды пішіі және түсі сияқты сенсорлық қасиеттері негізінде жалпылауды, біріктіруді, бөлуді, тапсырмаларды орындау қабілеттерін қалыптастыру; біркелкі заттардың айырмашылықтары туралы түсінік беру.<br>"Жалауға қарай жүгір" қимылды ойыны.<br>Мақсаты:ереже бойынша ойнауды үйрету. Жылдам жүгіру дағдысын дамыту. | және көркем әдебиет, қоршаған әлеммен таныстыру)<br>Мақсаты:балалардың сөздік қорын: ойыншық, киім, аяқкиім, ыдыс, жиһаз, көгөніс пен жеміс, үй жануарлары мен олардың төлдерінің атауларын, көлік құралдарын және жеке бас гигиенасы заттарын білдіретін зат есімдермен, заттардың түсін, көлемін, пішінін білдіретін сын есімдермен байыту; қасиеттерін тануға ынталандыру. |
| 2-ші таңғы ас | Тағамның атауын есте сақтауға, тазалыққа бейімдеу. "Тәбетіміз ашылды, ас болсын!" (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет) | | | | |
| Серуенге дайындық | Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)<br>Есесектің бақылауымен белгілі бір ретпен киіну және шешіну, әртүрлі ілгектерді қолдана білу дағдыларын қалыптастыру.<br>Қауіпсіздік. Балаларға "бұрыс", "дұрыс емес", "қауіпті" ұғымдарын қалыптастыру, серуенде, құммен ойындарда қауіпсіздік ережелерін сақтау жайында ескерту.<br>Бас киімді шешпейміз,<br>Өзге учаскіге кетпейміз.<br>Жерге түскен қоқымды<br>Ешқашан да термейміз.<br>Құммен біз тек ойнаймыз,<br>Аузымызға оны салмаймыз.<br>Ұялмаймыз -<br>Апайдан сұраймыз. (Д. Ахметова) | | | | |
| Серуен | Картотека № 5 | Картотека № 14 | Картотека № 21 | Картотека № 18 | Картотека № 9 |
| Серуеннен оралу | Балаларды киімдерін жүйелі түрде шешуді дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)<br>Сабынды дұрыс қолдануды, қолды жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді, орамалды орнына ілуді үйрету. Тамақтанар алдында қолды жуу, таңертең және кешке тісті тазалау дағдыларын қалыптастыру.<br>Қанеки, қаздар, қаздар, | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Кіші топ**<br>**Дене тәрбиесі**<br>**"Аюмен бірге шеңберге тұрайық".**<br>**Міндеттері: Балалардың шеңберге дұрыс тұру іскерліктерін жетілдіру; дене жаттығуларын дұрыс жасай білуге машықтау; ептілік дағдылары мен эмоциялық көңіл күйді дамыту; қимылды дұрыс қайталауды үйрету. Жалпы дамытушы жаттығуларды соңынан қайталап, ойындарды ойнату, балалардың денсаулығын нығайту. Балалардың қимылды ойынға қызығушылығын дамытуға ықпал ету. Қимылдарды үйлесімді орындауға үйрету.**<br>**"Досымызбен жарасайық" ойыны.**<br>**Мақсаты:Белгі бойынша әртүрлі қимылдарды жасауды үйрету. Еске сақтау, зейінді дамыту.** | **Кіші топ**<br>**Музыка**<br>**"Әжемнің әні"**<br>**Міндеттері:балалардың әже туралы әнді тыңдау және есте сақтау қабілетін қалыптастыру. Музыканы тыңдауға қызығушылықты қалыптастыру. Музыканың сүйемелдеуімен топпен жүру және жүгіру дағдыларын қалыптастыру. Қарапайым би қимылдарын орындау. Музыка мен қимылды үйлестіре білу дағдыларын жетілдіру. Отбасы мүшелерін атауға ынталандыру.** | **Кіші топ**<br>**Дене тәрбиесі**<br>**"Қояндармен бірге жүгіру".**<br>**Міндеттері:Балаларға шеңбер бойымен жылдам жүгіруді үйрету; шеңбердің пайда болуы үшін жасалатын қимыл түрлерін пысықтау; үлкен шеңбер жасау барысында алған түсініктерін қимыл арқылы көрсетуді үйрету. Жалпы дамытушы жаттығуларды соңынан қайталап, ойындарды ойнату, балалардың денсаулығын нығайту. Балалардың қимылды ойынға қызығушылығын дамытуға ықпал ету. Кейбір кейіпкерлердің қарапайым әрекеттерін жеткізе білуге үйретуді жалғастыру.**<br>**"Қоян қалай жүгіреді?" тәжірибе жаттығуы.**<br>Мақсаты:Жылдам жүгіруді үйрету. | **Кіші топ**<br>**Дене тәрбиесі**<br>**"Қоян секілді жүгірейік".**<br>**Міндеттері:балаларға шеңбер бойымен жылдам жүгіруді қайталау; шеңбердің пайда болуы үшін жасалатын қимыл түрлерін пысықтау; шеңбер жасау барысында қол және саусақ бұлшық еттерін жетілдіру; ептілік дағдыларын дамыту. Жалпы дамытушы жаттығуларды соңынан қайталап, ойындарды ойнату, балалардың денсаулығын нығайту. Балалардың қимылды ойынға қызығушылығын дамытуға ықпал ету. Кейіпкерлердің қарапайым әрекеттерін жеткізе білуге үйрету.**<br>**"Қоян секілді секіреміз" ойыны.**<br>**Мақсаты:мәтін сөздеріне сай қимылдар көрсетуді үйрету.** | |
| | **Қоршаған әлеммен** | **Тіл дамыту және көркем** | **Жапсырудан ойын-жаттығулар** | **Сенсорикадан ойын-жаттығулар** | **"Ғажайып дорба" ойыны. (тіл дамыту** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | таныстырудан ойын жаттығулар<br>"Саңырауқұлақ".<br>Мақсат: балаларға саңырауқұлақ туралы ұғым беру; жаңбырдың саңырауқұлақтың пайда болуы мен үлкен болып өсуіне жағымды әсері туралы түсінік беру; балалардың ойын барысында жаңбыр мен саңырауқұлақ туралы алған білімдерін жетілдіру.<br>"Саңырауқұлақтарды жинайық" дамытушы жаттығуы.<br>Мақсаты: аталған заттарды ғана себетке жинауды үйрету<br>Хамзаға | әдебиеттен ойын-жаттығулар.<br>"Күн мен жаңбыр".<br>Мақсаты :балаларға күн мен жаңбыр туралы түсінік беру; олардың пайда болуы мен дыбыстық ерекшеліктері (жаңбырдың "там-там") жөнінде білімдерін кеңейту. Балаларға күн мен жаңбыр туралы түсінік беру; олардың пайда болуы мен дыбыстық ерекшеліктері (жаңбырдың "там-там") жөнінде білімдерін кеңейту. Балаларға күн мен жаңбыр туралы түсінік беру; олардың пайда болуы мен дыбыстық ерекшеліктері (жаңбырдың "там-там") жөнінде білімдерін кеңейту. Балалардың табиғат құбылыстары арқылы тілін, қабылдау қабілетін және еске сақтауын дамыту.<br>"Күн мен жаңбыр" қимылды ойыны. (дене тәрбиесі)<br>Мақсаты: мәтін сөздеріне байланысты қимылдарды орындауды үйрету. [illegible] | "Доппен ойнаған мысық".<br>Мақсаты: балаларды жапсыруға қажетті құралдар және жапсыру тәсілдерімен таныстыра отырып, желімделген домалақ пішінді бейнені жапсыруды, ажырап кетпеуі үшін оны сүлгімен басуды үйрету; қолдың ұсақ моторикасын, түс пен пішінді қабылдауды, танымы мен зейінін дамыту; балаларды шығармашылық еңбекке, мәдени қарым-қатынас пен ізгілік ережелеріне тәрбиелеу.<br>"Допты түсіріп алма" ойыны.<br>Мақсаты: допты түсіріп алмай, қолдан-қолға беруді үйрету. (дене тәрбиесі)<br>[illegible] | "Ғажайып дорба".<br>Мақсаты: балаларды үлгіге немесе сөздік нұсқауға сүйеніп, біркелкі заттарды пішіні және түсі сияқты сенсорлық қасиеттері негізінде жалпылауды, біріктіруді, бөлуді, тапсырмаларды орындау қабілеттерін қалыптастыру; біркелкі заттардың айырмашылықтары туралы түсінік беру.<br>"Жалауға қарай жүгір" қимылды ойыны.<br>Мақсаты:ереже бойынша ойнауды үйрету. Жылдам жүгіру дағдысын дамыту.<br>[illegible] | және көркем әдебиет, қоршаған әлеммен таныстыру)<br>Мақсаты:балалардың сөздік қорын: ойыншық, киім, аяқкиім, ыдыс, жиһаз, көгөніс пен жеміс, үй жануарлары мен олардың төлдерінің атауларын, көлік құралдарын және жеке бас гигиенасы заттарын білдіретін зат есімдермен, заттардың түсін, көлемін, пішінін білдіретін сын есімдермен байыту; қасиеттерін тануға ынталандыру.<br>Ислямға |
| **2-ші таңғы ас** | Тағамның атауын есте сақтауға, тазалыққа бейімдеу. "Тәбетіміз ашылды, ас болсын!" (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет) | | | | |
| **Серуенге дайындық** | Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)<br>Ересектің бақылауымен белгілі бір ретпен киіну және шешіну, әртүрлі ілгектерді қолдана білу дағдыларын қалыптастыру.<br>Қауіпсіздік. Балаларға "бұрыс", "дұрыс емес", "қауіпті" ұғымдарын қалыптастыру, серуенде, құммен ойындарда қауіпсіздік ережелерін сақтау жайында ескерту.<br>Бас киімді шешпейміз,<br>Өзге учаскіге кетпейміз.<br>Жерге түскен қоқымды<br>Ешқашан да термейміз.<br>Құммен біз тек ойнаймыз,<br>Аузымызға оны салмаймыз.<br>Үялмаймыз -<br>Апайдан сұраймыз. (Д. Ахметова) | | | | |
| **Серуен** | **Картотека №** 2 | **Картотека №** 12 | **Картотека №** 15 | **Картотека №** 18 | **Картотека №** 20 |
| **Серуеннен оралу** | Балаларды киімдерін жүйелі түрде шешуді дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)<br>Сабынды дұрыс қолдануды, қолды жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді, орамалды орнына ілуді үйрету. Тамақтанар алдында қолды жуу, таңертең және кешке тісті тазалау дағдыларын қалыптастыру.<br>Қанеки, қаздар, қаздар, | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Суға сүңгіп, шомылыңдар!<br>Шомылып-шомылып,<br>Жұмсақ шөпке қоныңдар! (Д. Ахметова)<br>"Үнемді тұтыну": Біз ақылды баламыз. «Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру. | | | | |
| Түскі ас | Гигиеналық дағдылар<br>Күнделікті өмірде гигиеналық дағдыларды сақтау қажеттігін білу.<br>Үстел басындағы мәдениеттің қарапайым дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау.<br>Айтқан тілді аламыз.<br>Тамақ ішер алдында<br>Тып-тыныш отырамыз! (мәдени-гигиеналық дағдылар, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Ұйықтар алдында киімдерін шкафқа немесе орындыққа ұқыпты бүктеп қоюға ынталандыру. | | | | |
| Күндізгі ұйқы | Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйренеді.<br><br>Алтын сақа ертегісін оқып беру. (тіл дамыту және көркем әдебиет) | "Екі дос" ертегісін жағымды үнмен айта отырып, балаларды ұйықтату. (тіл дамыту және көркем әдебиет) | Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай туғызу.<br>Халық ауыз әдебиетіндегі "Әлди-әлди, ақ бөпем" бесік жырынан үзінді.<br>Әлди-әлди, ақ бөпем,<br>Ақ бесікке жат, бөпем!<br>Астына терлік салайын,<br>Үстіне тоқым жабайын.<br>(тіл дамыту және көркем әдебиет) | Әуенді тыңдату арқылы балаларды ұйықтауға жатқызу.<br>(музыка) | Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай жасау.<br>Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету.<br>Аудио<br>Қ. Абдильдинаның әні<br>«Айым болып тудың ба»<br>(музыка) |
| Ұйқыдан біртіндеп ояту, сауықтыру шаралары | Ұйқыдан тұрғаннан кейін төсекте жатып жаттығу жасау; төсектерінен тұрмай жатып, көрпелерін ашпай жатқан күйінде балалар жалпы дамыту жаттығуларының аз мөлшерін орындайды (төсекте жатып 2-3 минут жасалатын жаттығулар балалардың ұйқысы ашылып, сергек болуына бағытталған). Жаттығуды ұйқыдан оянған балалармен өткізген дұрыс, қалғандары оянған кезде қосылады).<br>Жалпақтабандықтың алдын алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру.<br>(дене тәрбиесі) | | | | |
| Бесін ас | Алдына қойған асқа назар аудару; тамақтану мәдениетіне баулу. (мәдени-гигиеналық дағдылар) | | | | |

8

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)** | Ойын-имитация. "Қонжық". (тіл дамыту және көркем әдебиет, дене тәрбиесі)<br>Мақсаты:балаларды қонжық ойыншығымен таныстыру, қонжықтың қимылдарына еліктеу қабілеттерін дамыту.<br>Шарты:көрсеткен қонжықтың жүрісіне еліктеу, тақпақтың сөздерін қайталау.<br>Қонжық, қонжық,<br>Сылбырсың, шіжық.<br>Маң-маңдап басып,<br>Келесің жылжып.<br>Тақпақты мәнерлеп оқу жаттығуы. (тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Мақсаты: балалардың шығарманы суретті қарап немесе көрнекіліксіз көркем тыңдауға үйрету; таныс өлеңдерді оқыған кезде балаларға сөздерді, сөз тіркестерін қосылып айтуға мүмкіндік беру.<br>"Кемпірқосақ" (Ш. Әлдибекұлы)<br>Жаңбыр жауып басылды,<br>Аспан шайдай ашылды.<br>Суретші екен табиғат,<br>Бояуларын дайындап,<br>Түр-түсін дәл тауыпты,<br>Кемпірқосақ салыпты. | "Жануарлар қалай дыбыстайды?" атты мультфильмін көру. (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Мақсаты: бас кейіпкерлердің шығаратын дыбыстарына еліктеуге, әннің сөздерін қайталауға қызықтыру.<br>Текшелермен ойын. (құрастыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Мақсаты: текшелер арқылы биік немесе аласа "үйлерді" салуға ынталандыру, текшелердің шеттерін, "үйді" құламайтындай түзеп отыруды көрсету.<br>Құралдар: текшелер.<br>Бірге үй саламыз (қол белде).<br>Түзу тұрамыз (екі аяқ арасы алшақ)<br>Төменнен бастаймыз (қолды алға созу).<br>Қайта отырамыз (отыру).<br>Кірпішті кірпішке салып (қолдар жоғарыға). | Мысық ойыншығымен ойнату. (тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Мақсаты: балаларға көркемсөзді тыңдап, мысықтың қылықтарын байқауды, педагогтің қимылдарына еліктеуді үйрету, мазмұнындағы оқиғаларға эмоционалды жауап беруге баулу.<br>М. Әлімбаев "Жолға отырма".<br>Мияу, мияу,<br>Кет, пырыш!<br>Жолға отырма<br>Тым-тырыс.<br>Біздің бөпеш<br>Жүгірер<br>Жолда саған сүрінер.<br>«Сиқырлы қапшық».<br>Мақсаты:<br>заттарды белгілі бір қасиеттеріне қарай салыстыруды және топтастыруды үйрету.<br>Көрнекіліктер: түсі, өлшемі, пішіні бойынша әртүрлі ойыншықтар.<br>Ойын барысы.<br>Балалар «Сиқырлы қапшықтың» ішіндегі затты ұстап көріп, оның пішінін анықтайды, ойыншықты алған соң оның атауы мен түсін айтады. (Қоршаған әлеммен таныстырудан) | Әтеш ойыншығымен ойнату. (тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Мақсаты:балаларға көркемсөзді тыңдап, әтештің қылықтарын байқап, қимылдарына еліктеуді үйрету, мазмұнындағы оқиғаларға эмоционалды жауап беруге баулу.<br>Х. Ерғалиев, М. Әлімбаев "Әтеш" (орыс халқының тақпағы).<br>Тұлымшағы үлпілдек,<br>Жібек сақал желпілдек,<br>Әтеш, әтеш айбарлы,<br>Әдемі алтын айдарлы,<br>Неге ерте тұрасың?<br>Кеңірдегін созасың?<br>Балалардың кішкентай<br>Неге ұйқысын бұзасың?<br>(Қоршаған әлеммен таныстырудан)<br>«Бақшада ма, бауда ма?»<br>Мақсаты:<br>жемістер мен көкөністер туралы мәлімет беру. Олардың айырмашылықтарын түсіндіру.<br>Құрал-жабдықтар: жемістер мен көкөністердің суреттері немесе ойыншықтары.<br>Ойын барысы.<br>Балаларға жемістер мен көкөністердің суреттерін көрсету арқылы олардың атауларын айтқызады. Содан кейін көкөністердің жерде, жемістердің талда өсетінін түсіндіру арқылы сұрақтар қойып, балалардың ойынға қызығушылықтарын арттырады. | "Жалауша"тақпағын оқу, қимылдар жаттығуы.<br>Мақсаты: балаларға Қазақстанның Туын тануды және атауды; жалауша туралы тақпақты тыңдауды, жағымды көңіл күйге бөленуді үйрету.<br>(тіл дамыту және көркем әдебиет, құрастыру)<br>Не деген тамаша!<br>Қолымда таяқша,<br>Көк, жібектей, мата,<br>Желбіреген жалауша!<br>Д. Ахметова |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балалармен жеке жұмыс** | Әтеш ойыншығымен ойнату. (тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Х. Ерғалиев, М. Әлімбаев "Әтеш".<br>Тұлымшағы үлпілдек,<br>Жібек сақал желпілдек,<br>Әтеш, әтеш айбарлы,<br>Әдемі алтын айдарлы,<br>Неге ерте тұрасың?<br>Кеңірдегің созасың?<br>Балалардың кішкентай<br>Неге ұйқысын бұзасың? | Саусақ жаттығуы. "Мөлдір су". (тіл дамыту және көркем әдебиет, дене тірбиесі)<br>Х. Ерғалиев, М. Әлімбаев "Мөлдір су" (орыс тілінен аударма).<br>Мөлдір су, мөлдір су!<br>Сен менің бетім жу.<br>Отты көзім ойнасын,<br>екі бетім жайнасын,<br>Күлкі кетпей ерніменен,<br>Тісім тастан таймасын! | Ойын-имитация. "Қонжық". (тіл дамыту және көркем әдебиет, дене тәрбиесі)<br>Қонжық, конжық,<br>Сылбырсың, шижық.<br>Маң-маңдап басып,<br>Келесің жылжып. | "Бері шыға ғой, қоян!" жаттығуы.<br>Бері шыға ғой, қоян!<br>Сұр құлақтармен ойна!<br>Былай көрсет,<br>Былай көрсет,<br>Сұр құлақтармен ойна!<br>(тіл дамыту және көркем әдебиет) | Ермексаздан бір бөлшегін үзіп немесе жұлып алу жаттығулары.<br>(мүсіндеу) |
| **Серуенге дайындық** | Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: белгілі реттілікпен киінуге және шешінуге, тісті тазалауға, ұқыптылыққа, киіміндегі олқылықтарды байқауға, оларды ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге, ас ішу құралдарын орнымен қолдануға баулу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет) | | | | |
| **Серуен** | **Картотека № 2** | **Картотека № 9** | **Картотека № 19** | **Картотека № 6** | **Картотека № 7** |
| **Серуеннен оралу** | Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)<br>Сабынды дұрыс қолдануды, қолды жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді, орамалды орнына ілуді үйрету. Тамақтанар алдында қолды жуу, таңертең және кешке тісті тазалау дағдыларын қалыптастыру.<br>Қанеки, қаздар, қаздар,<br>Суға сүңгіп, шомылыңдар!<br>Шомылып-шомылып,<br>Жұмсақ шөпке қонылдар! (Д. Ахметова)<br>"Үнемді тұтыну": Біз ақылды баламыз. «Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру. | | | | |
| **Кешкі ас** | Гигиеналық дағдылар<br>Күнделікті өмірде гигиеналық дағдыларды сақтау қажеттігін білу.<br>Үстел басындағы мәдениеттің қарапайым дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты аузды жауып шайнау.Айтқан тілді аламыз.<br>Тамақ ішер алдында<br>Тып-тыныш отырамыз!<br>(мәдени-гигиеналық дағдылар, тіл дамыту және көркем әдебиет) | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)** | «Түрлі-түсті шарларды домалату» ойыны<br>Мақсаты: балаға бір ойыншықпен 3-5 минут ішінде ойнауды, қимылдар жасауды, «домалақ», «доп» немесе «сал», «себет» сөздерін түсінуді үйрету. Балаға 6-8 қызыл және көк доптар беріп (шарларды екі түстің басқа үйлесімінде беру: сары және көк, қызыл және жасыл және тағы басқа Балаға доппен қалағанынша ойнауға мүмкіндік беру. Біраз уақыттан кейін үстелге немесе еденге аласа ұяшық қойып, одан шарларды кезекпен айналдыру: «Доп осылай домалайды!». Содан кейін балаға ұсынып: «Допты айналдыр! Тағы бір айналдыр». (дене тәрбиесі, тіл дамыту және көркем әдебиет, қоршаған әлеммен таныстыру, сенсорика)<br>Музыкалық-дидактикалық ойын "Сылдырмақ".<br>Мақсаты: сылдырмақты белгі бойынша сылдырлатуды үйрету.<br>- Балалар, енді қуыршақ Айгеріммен тығылмақ ойнайық! Музыка ойнаған кезде бәріміз сылдырмақтарда қатты ойнаймыз, ал музыка тоқтаған кезде, сылдырмақтарды артқа жасырамыз. Айгерім іздеп көрсін. Келістік пе? Олай болса, балалар, бастайық! (ойын бірнеше рет қайталанады)<br>Сылдырмақтарды дұрыс ұстауларын қадағалап тұрады. (музыка, тіл дамыту және көркем әдебиет) | Текшелермен ойын.<br>Мақсаты: балаларға текшелер туралы тақпақты тыңдап отырып, оларды бір-бірінің үстіне қойып, мұнара тұрғызуды үйрету.<br>Қызыл, сары, көк текше,<br>Әрбіреуі ерекше.<br>Көлемдері бірдей,<br>Бір-бірінің үстіне.<br>(құрастыру, қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Балаларға арналған тақпақтарды оқу. (тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Мақсаты: балаларға арналған тақпақтарды еске түсіру және балаларға ұнағанын жатқа айтуға ынталандыру; сөздерді дұрыс айтуды үйрету; сөздік қорларын дамыту.<br>Ойынға ертіп барайын.<br>"Ала мысық".<br>Ала мысық тырнама,<br>Тырнағаның бола ма?<br>Ұстайыншы қолыңнан,<br>Ойнайық, ер соңымнан.<br>"Күшігім".<br>Күшігім менің келе ғой,<br>Құшағыма ене ғой.<br>Мойнына бау тағайын,<br>Ойынға ертіп барайын. | Саусақ жаттығуы "Көңілді саусақтар"<br>Мақсаты:қолдың ұсақ моторикасын, есте сақтау қабілетін дамыту; жағымды эмоциялармен бөлісу қабілетін қалыптастыру.<br>Мына саусақ орманға барды,<br>Мына саусақ саңырауқұлақ тапты,<br>Мына саусақ оны қуырды,<br>Мына саусақ қуырды,<br>Мына саусақ барлығын жеп қойды.<br>(қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Қысқыштармен ойын. "Күн". (тіл дамыту және көркем әдебиет, сенсорика)<br>Мақсаты: күрделі заттармен әрекеттерді орындауға ынталандыру; негізгі түстерді ажыратуға үйрету; ұсақ қол моторикасын дамыту; жағымды эмоцияларды дамыту.Балаларға сары түсті дөңгелек пішінді кескінді үлестіреді.<br>Әр балаға түрлі-түсті қысқыштар беріледі.<br>Балалар дөңгелек пішіннің бойына қысқыштарды қыстырып, күн бейнесін жасап шығады. | «Сәлем!» мультфильмін қарау<br>Мақсаты: балалардың эмоциясын жақсарту; жағымды көңіл күймен бөлісу мүмкіндігін жасау. (тіл дамыту және көркем әдебиет, қоршаған әлеммен таныстыру, дербес әрекет)<br>"Сиқырлы қапшық" ойыны. (тіл дамыту және көркем әдебиет, қоршаған әлеммен таныстыру)<br>Мақсаты: ойыншықтарға, дөңгелек пішінге ұстап-сипату, көзбен қарау арқылы қызығушылық тудыру; ойыншықтың атауына көңіл аудару.<br>Ойында көкөністер, доп ойыншықтарын пайдаланады. | «Ботқа пісіру» дидактикалық ойыны<br>Мақсаты:баланы саусақтарымен заттарды ұстап, қасық ұстап, қолмен айналмалы қозғалыстар жасауды үйрету.<br>Құралдар: қуыршақ, аю, ағаш қасық (кішкентай), балаларға арналған тағамдар, бұршақ.<br>«Айжан мен аю бізге қонаққа келді. Біз оларды ботқамен емдейміз». Бұршақты қасықпен жинап, қазанға салуды көрсетеді, бірақ бұршақтарды үстелге шашып алады. Балаларға бұршақ жинауды ұсынады (шымшу арқылы).<br>Бұршақты қалай дұрыс жинау керектігін көрсетеді (шымшу арқылы). Бала бұршақ жинайды.<br>Содан кейін тәрбиеші «ботқаны» қасықпен араластыру қимылдарын көрсетеді (бала қайталайды).<br>тіл дамыту және көркем әдебиет сенсорика, қоршаған әлеммен таныстыру) |
| **Балалардың үйге қайтуы** | "Баланың қимыл белсенділігін қалыптастырудағы отбасының рөлі" әңгімелесу. | "Бала тәрбиесіндегі қиыншылықтар" | Жадынама:<br>"Балаға қандай ойыншықтар сатып алуға болады?" | Балаларды мәдени-гигиеналық ережелермен таныстыру. | Ата-аналарға кеңес.<br>"Демалысты пайдалы өткізу". |

**Тәрбиешілер : Исмагулова Д.Г Фатхоллина А.Ж**

Тексерілген күні: 22.09.2025
Әдіскер: А.Ж. Жумагалиева

**ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ**
**Қыркүйек айы (4 апта)**

Мектепке дейінгі ұйым:«Балбөбек» жеке бөбекжайы
Топ:Құлыншақ кіші топ
Балалардың жасы: 2 жастағы балалар
Қандай кезеңге жасалды (апта күндерін, айды, жылды көрсету): 22.09 - 26.09.2025ж.
**Қыркүйек – Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы**

| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
|---|---|---|---|---|---|
| | **22.09.2025** | **23.09.2025** | **24.09.2025** | **25.09.2025** | **26.09.2025** |
| **«Еңбек -жай ғана қызмет емес,адам болмысының айнасы»** | | | | | |
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау.<br>Нейрожаттығу ойынымен балаларды қабылдау.<br>(қарым-қатынас іс-әрекеті) «Күй күмбірі»<br>Күймен балаларды қарсы алу. | | | | |
| **Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру** | Кіші жастағы баланың есте сақтауын қалай дамытуға болады?<br>https://bilimkids.kz/correction_work/6203 | Әңгіме жүргізу: "Бала танымын дамытудың маңыздылығы". | "Балаға айналадағы заттардың атауын атап айтқызу және оған сол заттар туралы сұрақтарды қоюдың ерекшеліктері". | "Ата-ананың баланы балабақшаға әкелуі және алуы кезіндегі әрекеттері" | Ата-аналарға кеңес. "Демалысты пайдалы өткізу". |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары)** | «Өнегелі тәрбие»<br>Еңбек: Табиғат бұрышындағы өсімдіктерді бақылау, топырақтың құрғақ болғанына көңіл аудару, фикусті су құйғыш арқылы суаруды көрсету.<br>.<br>Міндеттер: Балаларды патриоттық тәрбиені қалыптастырады.<br>(музыка)<br>"Саусақ ойыны. "Бас бармақ". Мақсат: Баланың тілін, қолдың ұсақ моторикасын, есте сақтау қабілетін дамыту; жағымды эмоцияларға бөлене білу қабілетін қалыптастыру.<br>Бас бармақ байтақ,<br>Балаң үйрек – көмек,<br>Ортан терек – бөлек,<br>Шылдыр шүмек – керек,<br>Кішкентай бөбек – көбелек, көбелек.<br>Д. Ахметова<br>(тіл дамыту және көркем әдебиет, сенсорика) | «Өнегелі тәрбие»<br>Еңбек: "Топтың ішін ретке келтір".<br>Мақсат: Балаларды ересектерге көмектесуге машықтандыру; шкафтарғы ойыншықтар мен құралдардың ретсіздігін байқап, тазалықты орнатуға тарту; еңбек дағдыларын, ұқыптылықты қалыптастыру.<br>«Ойыншықтар» саусақ жаттығуы.<br>Мақсат: Қолдың ұсақ моторикасын дамытады, тәрбиеші көрсеткендей қимылдарды орындайды, өз іс-әрекеттерін дұрыс айта білу қабілетін қалыптастырады.<br>Іші толған бөлменің,<br>Ойыншығым мол менің.<br>Босқа тізіп қоймайын,<br>Келе ғой дос, ойнайық.<br>(тіл дамыту және көркем әдебиет, дене тәрбиесі, қоршаған әлеммен таныстыру) | «Өнегелі тәрбие»<br>Еңбек: Балабақшадағы арнайы жабдықтарды дұрыс пайдалану, қалірлеу, қайта орнына қою, бір-біріне көмек көрсетуге тәрбиелеу.<br>"Қазақстан картасын көрсету. "Отан" тақпағын мәнерлеп оқу, қимыл жаттығуы.<br>Мақсат: Балаларды Қазақстан картасын қабылдауға машықтандыру; Отан туралы тақпақты тыңдауға, Отан сөзін қайталауға ынталандыру. Балаларға тақпақты оқығанда Қазақстан ұғымын білдіретін суретті көрсете алады.<br>Б. Ысқақов. "Отан".<br>Отан - сенің ата-анаң,<br>Отан - досың, бауырың.<br>Отан - өлкең, астанаң,<br>Отан - ауданың, ауылың.<br>(тіл дамыту және көркем әдебиет) | «Өнегелі тәрбие»<br>Еңбек: "Ұйымдастырылған іс-әрекеті кезінде оқу құралдарын тарату және орындарына жинау іскерліктеріне ынталандыру.<br>Байлау ойыншығымен ойнату.<br>Мақсат:Балаларға бау байлауды үйрету; ойлау қабілетін, қолдың ұсақ моторикасын дамыту.<br>Құралдар: бауы байланатын ойыншықтар.<br>Баудың ұшынан ұстайық<br>Тесіктерден өткізейік,<br>Әдемілеп байлайық.<br>(тіл дамыту және көркем әдебиет, сенсорика)<br>Текшелермен ойын. (құрастыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Мақсат-міндеттері. Текшелер арқылы биік немесе аласа "үйлерді" салуға ынталандыру, текшелердің шеттерін, "үйді" құламайтындай түзеп отыруды көрсету.<br>Құралдар: текшелер.<br>Бірге үй саламыз (қол белде).<br>Түзу тұрамыз (екі аяқ арасы алшақ)<br>Төменнен бастаймыз (қолды алға созу),<br>Қайта отырамыз (отыру),<br>Кірпішті кірпішке салып (қолдар жоғарыға). | Ұлттық сезім күні<br>«Өнегелі тәрбие»<br>Еңбек: Балаларды тамақ ішкенде табақшаларды, қасықтарды қою, ішіп болғанда жинастыру іскерліктерін ынталандыру.<br>"Саусақ ойыны. "Тоқ-тоқ, тоқ-тоқ, саусағым".<br>Мақсат: Баланың тілін, қолдың ұсақ моторикасын, еске сақтау қабілетін дамыту; жағымды эмоцияларға бөлене білу қабілетін қалыптастыру.<br>Тоқ-тоқ, тоқ-тоқ, саусағым,<br>Соққылайды томпағым.<br>Түймешені, түймешені,<br>Басып, басып таппадым.<br>Д. Ахметова (тіл дамыту және көркем әдебиет, сенсорика) |
| **Ертеңгілік жаттығу** | Жаттығулар кешені.<br>1. "Қасқыр мен лақ" жаттығуы.<br>Бастапқы қалып: аяқты нық деңгейіне қоямыз. Қол белде. Еңкейіп қолды оңға-солға созамыз. Бастапқы қалыпқа келеміз. Демді ішке тартамыз. Қолымызды жанымызға созып түсіреміз. Демді шығарамыз.<br>Отырып тұрамыз. Екі аяқтап секіреміз. (3 рет қайталау)<br>2. "Көңілді аяқтар"<br>Бастапқы қалып: аяқты нық деңгейіне қоямыз. Қол белде.<br>Бір дегенде орнымызда тұрып секіреміз. Екі дегенде бір орында жүреміз.<br>Бір ... (балалар орындарында тұрып секіреді)<br>Екі ... (балалар орындарында жүреді) (3 рет қайталау)<br>(дене тәрбиесі) | | | | |
| **Таңғы ас** | Гигиеналық дағдылар<br>Күнделікті өмірде гигиеналық дағдыларды сақтау қажеттігін білу. Тамақтанар алдында қолды жуу, таңертең және кешке тісті тазалау дағдыларын қалыптастыру.<br>Сабынды дұрыс қолдануды, қолды жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді, орамалды орнына ілуді үйрету. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Жуамыз қолды мөлдір сумен,<br>Сабындаймыз көпірігіш сабынмен,<br>Сүртеміз жұмсақ орамалмен.<br>Қуаныштымыз сен және мен. (Д. Ахметова)<br>"Үнемді тұтыну": Біз ақылды баламыз. «Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру.<br>Үстел басындағы мәдениеттің қарапайым дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты аузды жауып шайнау.<br>Сиқырлы екен құралдар.<br>Қолға қасық аламыз.<br>Дәмді астан аламыз.(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет) | | | | |
| Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізуге дайындық | «Менің Қазақстаным» - Қазақстан Республикасының әнұранын орындау.<br>"Күй күмбірі": "Көктөбе" (орындаған Қаршыға Ахмедияров) https://kitap.kz/music/2/qarshyha-axmediyarov-kujler-im<br>«Өнегелі»: Туған өлке және дәстүрлер. Тақырыбы: «Менің туған өлкем». Мақсаты: өз өлкесіне, оның дәстүрлері мен мәдениетіне деген қызығушылықты ояту.<br>Қауіпсіз жайлы дамытушы білім беру ортаны қалыптастыру | | | | |
| | Балалардың жағымды көңіл күйлерін қалыптастыру. Ұйымдастырылған іс-әрекетке жағымды эмоциялық ахуалға ауысу үшін бәсеңдеу дыбыста салмақты әуенжазбасын қосу.<br>Бақыт толы шеңберге,<br>Шаттық толы шеңберге<br>Қол ұстасып келдік біз,<br>Жан достармыз енді біз.<br>(тіл дамыту және көркем әдебиет) | Сәлемдесу ойыны "Менің көмекшілерім".<br>Міндеттері:Балаларды жағымды көңіл-күйге бөленуге тарту, сәлемдесу рәсіміне баулу; дене мүшелерін қабылдап тануға тәрбиелеу.<br>Мынау – менің жүрегім,<br>Бәрі осыдан басталған,<br>Мынау – басым ақылды.<br>Бәрін осы басқарған.<br>Мынау – менің оң қолым,<br>Мынау – менің сол қолым.<br>Барлық істі атқарған. (тіл дамыту және көркем әдебиет, дене тәрбиесі) | Дидактикалық ойын «Ботқа пісіреміз». (сенсорика, тіл дамыту және көркем әдебиет, қоршаған әлеммен таныстыру)<br>Міндеттері: балаларды қасықты дұрыс ұстай отырып, саусақтарымен заттарды ұстауға және қол білегімен айналмалы қимылдар жасауға үйрету.<br>Қажетті материалдар: қуыршақ, ыдыс, ағаш қасық (шағын), балаларға арналған ыдыс-аяқ, бүршақ (асбұршақ). | Жылулық шеңбері (тіл дамыту және көркем әдебиет, қоршаған әлеммен таныстыру)<br>Ашық менің жүрегім<br>Ылғи күліп жүремін.<br>Бірге ойнап жүретін<br>Достарым көп, білемін! | Тақпақты мәнерлеп оқу жаттығуы. (тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың шығарманы суретті қарап немесе көрнекіліксіз көркем тыңдауға үйрету; таныс өлеңдерді оқыған кезде балаларға сөздерді, сөз тіркестерін қосылып айтуға мүмкіндік беру.<br>«Бәйтерек».<br>Отанымның тірегі<br>Астанамның жүрегі.<br>Мақтан етем өзіңді,<br>Бәйтерегім киелі. |
| Кестеге сәйкес ҰІӘ | Дене тәрбиесі<br>"Бір, екі, үш! Жүгіреміз!"<br>Мақсат:Балаларды шеңбер бойымен жылдам жүгіруді, шеңбердің пайда болуы үшін жасалатын қимыл түрлерін пысықтау; ептілік дағдыларын, сөздік қорын және эмоциялық көңіл күйін дамыту. Жалпы дамытушы жаттығуларды балалар соңынан қайталап, ойындарды ойнату, балалардың денсаулығын нығайту.<br>Негізгі қимыл түрлерін жетілдіру: тепе-теңдік сақтауға машықтандыру.<br>Балалардың қимылды ойынға | Музыка<br>"Сылдырмақтар сылдырлап".<br>Мақсат: Музыканы (сылдырмақтар туралы) тыңдауға қызығушылықты қалыптастыру, музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдау, оны тыңдау, дыбысталу ерекшеліктерін ажырата білу. дауыс ырғағына еліктей отырып, ересекпен қосылып ән айтуды үйрету. Музыканың сүйемелдеуімен топпен, | Дене тәрбиесі<br>"Қазақстанның туы".<br>Мақсат:Балаларға тура және айналма жолмен жүгіру туралы қысқаша мағлұмат беру; тура және айналма текшелерді айналып жүгіру жаттығуларымен таныстыру; балалардың жүру және жүгіру қимылдарын бақылап, қайталап көрсетуге машықтандыру. Жалпы дамытушы жаттығуларды соңынан қайталап, ойындарды ойнату, балалардың денсаулығын нығайту.<br>Негізгі қимыл түрлерін жетілдіру: | Дене тәрбиесі<br>"Жалауды биікке көтереміз".<br>Мақсат:Балаларға тура және айналма текшелерді айналып жүгіру жаттығуларын жасауды үйрету; балалардың жүру және жүгіру қимылдарын бақылап, қайталап көрсетуге машықтандыру; тура және айналма жолмен жүгіру барысында жылдамдық, ептілік дағдыларын дамыту, балаларда жағымды эмоциялық көңіл күй туындату.<br>Жалпы дамытушы жаттығуларды | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қызығушылығын дамытуға ықпал ету. "Қоян қалай жүгіреді?" жаттығуы. Мақсат:Қимылдарды еліктеп қайталауды үйрету. | шеңбермен жүру және жүгіру дағдыларын қалыптастыру. Музыкалық-ырғақтық қимылдарды сылдырмақпен бірге үйлестіре білу дағдыларын қалыптастыру. Қимылдарды музыкалық аспаптармен (сылдырмақпен) орындау дағдысын дамыту.<br><br>"Сылдырмақтар" музыкалық-дидактикалық ойыны. Мақсат:Музыкалық аспаптарды дыбысынан тануды үйрету. Зейін еске сақтау, ойлау, есту қабілеттерін дамыту. | жүру, жүгіру, тепе-теңдік сақтауға машықтандыру. Балалардың қимылды ойынға қызығушылығын дамытуға ықпал ету. Тыныс алу жаттығулары. "Тура жолмен жүрейік" ойыны. Мақсат: Жаттығу тура жолмен жүру арқылы дем алу, дем шығару мақсатында ұйымдастырылады. | педагогтің соңынан қайталап, ойындарды ойнату, балалардың денсаулығын нығайту. Негізгі қимыл түрлерін жетілдіру: жүру, жүгіру қимылдарына машықтандыру. Балалардың қимылды ойынға қызығушылығын дамытуға ықпал ету. "Жел тұрды" жаттығуы. Мақсат:Сөздік нұсқау бойынша қимылдарды орындауды үйрету. | |
| | «Жіпті тарқат және қайта ора» ойыны. (сенсорика, қоршаған әлеммен таныстыру) Мақсаты: ауызша нұсқау мен үлгіге сүйене отырып, тапсырмаларды орындауды, қимылдардың үйлесімділігін, "көз бен қолдың" сенсомоторлық кеңістіктік үйлесімділігін дамыту, зейінді дамыту. Қажетті құрал-жабдықтар мен материалдар: түрлі-түсті шағын жіптер. Басыры. Балаларға жіпті тарқатып, кейін қайтадан орауды (немесе оны шпулькаға орауды) ұсыну. Ораудың үлгісін көрсету, қадағалау, көмек беру. | Құрастырудан ойын-жаттығулар. "Құлыншаққа қоршау". Мақсат-міндеттері. Балалардың ұғымындағы кірпіш туралы түсініктерін дамыту; оның қасиеттері жөнінде алған білімдерін толықтыру; кірпіштен құлыншаққа қоршау жасауды үйрету; жасаған құрылыс үлгісіне қарап, қуаныш сезіміне бөленуге тәрбиелеу; Қазақстан туралы түсініктер беру. "Қоршау саламын" іс-тәжірибе жаттығуы. Мақсат-міндеттері. Кірпіштен қоршау қалауды үйрету. (құрастыру) | Тіл дамыту және көркем әдебиеттен ойын-жаттығулар. "Саусақ санамағы". Мақсат-міндеттері. Балаларға санамақты соңынан қайталап, саусақтарды тақпақ жолына сай атауды үйрету; отбасы мүшелерін саусақ атаулары арқылы танып, шынайы атауларын айтқызуға жаттықтыру; тақырып бойынша сөздік ойындарға белсенді қатысуға талпындыру. "Айнаға айтамын" рефлексиялы жаттығуы. | Қазақстан картасын көрсету. "Отан" тақпағын мәнерлеп оқу, қимыл жаттығуы. (тіл дамыту және көркем әдебиет) Міндеттері. Балаларды Қазақстан картасын қабылдауға машықтандыру; Отан туралы тақпақты тыңдауға, Отан сөзін қайталауға ынталандыру. Педагог балаларға тақпақты оқығанда Қазақстан ұғымын білдіретін суретті көрсете алады. Б. Ысқақов. "Отан".<br>Отан - сенің ата-анаң,<br>Отан - досың, бауырың,<br>Отан - өлкең, астанаң,<br>Отан - ауылың, ауылың.<br>"Менің туған қалам" иллюстрациясын қарастыру. (тіл дамыту және көркем әдебиет) Мақсат-міндеттері. Балаларда туған өлкесі, туған елі туралы түсініктер қалыптастыру; қабылдау, зейін, сөйлеу қабілетін дамыту. Суретте бейнеленген қаланың көрікті жерлері туралы әңгімелер. | |
| **2-ші таңғы ас** | Тағамның атауын есте сақтауға, тазалыққа бейімдеу. "Тәбетіміз ашылды, ас болсын!" (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет) | | | | |

4

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| [illegible]ге [illegible]ындық | Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)<br>Ересектің бақылауымен белгілі бір ретпен киіну және шешіну, әртүрлі ілгектерді қолдана білу дағдыларын қалыптастыру.<br>Қауіпсіздік. Балаларға "бұрыс", "дұрыс емес", "қауіпті" ұғымдарын қалыптастыру, серуенде, құммен ойындарда қауіпсіздік ережелерін сақтау жайында ескерту.<br>Біз ақылды баламыз,<br>Мұқиятты боламыз:<br>Апайлардың айтқанын<br>Құлақ салып тыңдаймыз:<br>Қызықты болса да заттарды<br>Жерден алып көтермейміз.<br>Жерге түскен заттар, тіпті<br>Болу мүмкін қауіпті.<br>Ұялмаймыз -<br>Апайдан сұраймыз. (Д. Ахметова) | | | | |
| Серуен | Картотека№ | Картотека№ | Картотека№ | Картотека№ | Картотека№ |
| Серуеннен оралу | Балаларды киімдерін жүйелі түрде шешуді дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)<br>Сабынды дұрыс қолдануды, қолды жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді, орамалды орнына ілуді үйрету. Тамақтанар алдында қолды жуу, таңертең және кешке тісті тазалау дағдыларын қалыптастыру.<br>Қанеки, жеңді түрейік,<br>Қолды жуып, күлейік.<br>Құрғатып сүртіп қолды,<br>Орамалды орнына ілейік.<br>"Үнемді тұтыну": Біз ақылды баламыз. «Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру. | | | | |
| Түскі ас | Гигиеналық дағдылар<br>Күнделікті өмірде гигиеналық дағдыларды сақтау қажеттігін білу.<br>Үстел басындағы мәдениеттің қарапайым дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты аузды жауып шайнау.<br>Орындық,<br>Үстел,<br>Қасық,<br>Ботқа.<br>– Сен, балақай, асықпа;<br>Тамақты шашпай,<br>Төкпей ішеміз,<br>Үлкен бала болып өсеміз. (Д. Ахметова) .(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)<br>Ұйықтар алдында киімдерін шкафқа немесе орындыққа ұқыпты бүктеп қоюға ынталандыру. | | | | |
| Күндізгі ұйқы | Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытады.<br>Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. (музыка) | Өз төсек орнын тауып жатуды үйренеді.<br>«Үш аю» ертегісін оқып беру. (тіл дамыту және көркем әдебиет) | Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп қоюды үйренеді.<br>Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдайды. (музыка) | Тамақтан соң ауыздарын сумен шаюды қалыптастырады.<br>«Жеті лақ» ертегісін оқып беру. (тіл дамыту және көркем әдебиет) | Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытуды біледі.<br>«Бауырсақ» ертегісін оқып беру. (тіл дамыту және көркем әдебиет) |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Ұйқыдан біртіндеп ояту, сауықтыру шаралары** | Ауа ванналары.<br>Алғашқы мәдени-гигиеналық әрекеттерді жасауға қызықтыру.<br>"Қолдарымыз қайда?<br>Шығарайық алға.<br>Женімізді түрейік.<br>Жуынып көрейік.<br>Су астына салайық.<br>Уқалайық, сипалайық.<br>Қандай тамаша!<br>Қолдарымыз тап-таза. (дене тәрбиесі) | | | | |
| **Бесін ас** | Алдына қойған асқа назар аударту; тамақтану мәдениетіне баулу. (мәдени-гигиеналық дағдылар) | | | | |
| **Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)** | Саппен жүру жаттығуы.<br>Міндеттері: Балалардың сапта түзу бағытпен жүріп, екі аяқпен секіріп, алға жылжу қабілеттерін жетілдіру, тепе-теңдікті сақтау қабілеттерін дамыту, бұлшық еттерін шымыр ету. (тіл дамыту және көркем әдебиет, дене тәрбиесі)<br>Алдымызда ұзынша<br>Жайылып тұр жолақша.<br>Топ-топ етіп басайық,<br>Қадам басып барайық.<br>Секіреміз оп-оп!<br>Біз жүреміз топ боп.<br>Д. Ахметова<br>«Жіпті таркат және қайта ора» ойыны. (сенсорика, қоршаған әлеммен таныстыру)<br>Мақсаты: ауызша нұсқау мен үлгіге сүйене отырып, тапсырмаларды орындауды, қимылдардың үйлесімділігін, "көз бен қолдың" сенсомоторлық кеңістіктік үйлесімділігін дамыту, зейінді дамыту.<br>Қажетті құрал-жабдықтар мен материалдар: түрлі-түсті шағын жіптер.<br>Басыры. Балаларға жіпті таркатып, кейін қайтадан орауды (немесе оны шпулькаға орауды) ұсыну.Ораудың үлгісін көрсету, қадағалау, көмек беру. | "Ала тауық ертегісін мәнерлеп оқу. (тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Міндеттері. Балаларды халық ертегілерін тыңдауға үйрету; кейіпкерлердің қимылдарын қайталауға ынталандыру.<br>"Жұмыртқаның ішінде не бар?" ойыны.<br>Мақсат-міндеттер: балалардың қоршаған заттар туралы түсініктерін тиянақтау, түйсік, ойлау, елестету қабілеттерін дамыту.<br>Себеттен жұмыртқа алып, ашып ішінде не бар екенін көр.<br>Балалар пластик жұмыртқаны ашып, ішінен құс бейнеленген ойыншықты тауып алады. Балалар өз құстарын атап, егер өздері атай алмаса, ересектер атап, балаларға қайталауды ұсынады.<br>(қоршаған әлеммен таныстыру)<br>Көлікті тап» дамытушы ойыны<br>Міндеттер.<br>Логикалық ойлау негіздерін дамыту.<br>Шарты.<br>Балалардың алдына үш | Саусақ жаттығуы. "Құлыптар".<br>Міндеттері. Баланың тілін, қолдың ұсақ моторикасын, есте сақтау қабілетін дамыту; жағымды эмоцияларға бөлене білу қабілетін қалыптастыру. Саусақтарды ойнатайық. (саусақтармен жыбырлату)<br>Бір-біріне уқалайық. (қос алақанды уқалау)<br>Арасына өткізіп, (алақан саусақтарын бір-бірінің арасынан өткізу)<br>Мықты құлыптар жасайық. (қос қолды жұдырыққа қысу, "құлып" жасау) (дене тәрбиесі, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Д. Ахметова<br>Дидактикалық ойын «Ботқа пісіреміз». (сенсорика, тіл дамыту және көркем әдебиет, қоршаған әлеммен таныстыру)<br>Мақсат: балаларды қасықты дұрыс ұстай отырып, саусақтарымен заттарды ұстауға және қол білегімен айналмалы қимылдар жасауға үйрету.<br>Қажетті материалдар: қуыршақ, аю, ағаш қасық (шағын), балаларға арналған ыдыс-аяқ, бұршақ (асбұршақ).<br>«Анамның өрнегі» дидактикалық ойыны<br>Міндеттер. | "Ғажайып дорба" ойыны. (тіл дамыту және көркем әдебиет, қоршаған әлеммен таныстыру)<br>Міндеттері. Балалардың сөздік қорын: ойыншық, киім, аяққиім, ыдыс, жиһаз, көгөніс пен жеміс, үй жануарлары мен олардың төлдерінің атауларын, көлік құралдарын және жеке бас гигиенасы заттарын білдіретін зат есімдермен, заттардың түсін, көлемін, пішінін білдіретін сын есімдермен байыту; қасиеттерін тануға ынталандыру.<br>"Қалашық құрастырамыз" ойын атрибуттары.<br>Мақсат-міндеттері. Арнайы "лего" құрылыс бөлшектерінен қарапайым құрылыстарды құрастыруды үйрету; қолдың ұсақ моторикасын, кеңістікті бағдарлау қабілетін дамыту.<br>"Лего" немесе ағаштан жасалған құрылыс ойыншықтары. Педагог әр балаға өз үйлерін құрастырып, бәрін ортақ құрылысқа біріктіруге ұсыныс жасайды.<br>(құрастыру) «Мәшине таудан түседі» дамытушы ойыны<br><br>Мақсат-міндеттер.<br>Ойыншық көліктермен белгілі бір әрекеттерді орындауды үйрету.<br>Шарты. | "Сары күнге ұқсап" қимылды жаттығуы.<br>Міндеттері. Балаларды айтылған сөздердің ырғағына сай қимылдауға, педагогтің көрсетуіне еліктеуге үйрету, жағымды эмоцияларға бөлену қабілеттерін қалыптастыру.<br>Сары күнге ұқ-сап (қол белде, басты оңға-солға шайқау),<br>Біз жүреміз "сап-сап" (шапалақтау).<br>Бұлт келсе қап-тап (жұдырықты кеуденің алдында айналдыру),<br>Жаңбыр жауар "там-там" (алақанды саусақпен соғу). (дене тәрбиесі, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>"Киюді үйрену" атты мультфильмін көру.<br>Мақсат-міндеттері. Бас кейіпкерлердің қимылдарына еліктеуге, әнін сөздерін қайталауға қызықтыру; киіну тәртібін есте сақтап, дұрыс орындауға ынталандыру.<br>(тіл дамыту және көркем әдебиет, музыка) |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | орамал қойылады. бір орамалдың астына көлікті жасырады. Балалар орамалды ашады, көлікті тауып алады. Ойын бірнеше рет қайталанады. (сурет). | Балалардың геометриялық пішіндер мен түстер жайлы білімдерін бекіту, түсті таңдауды үйрету. Ойыншылар саны. 4-5 бала. Құрал-жабдықтар: геометриялық пішіндер. Шарты. Қағаз бетінде геометриялық пішіндерден өрнек мүсіндейді (мүсіндеу) | Балалар жүк көлігіне тиелген қораптан бір машинені алады. Көліктерді көлбеу жазықтықтан (таудан) қалай түсіруге болатынын көрсету.(жапсыру) | |
| **Балалармен жеке жұмыс** | Ойын. "Пирамиданы құраймыз". Міндеттері:Балалардың көңілі көтеріңкі, мінездері жайдары болуына жағдай жасау; қолдың ұсақ моторикасын, қабылдау, ойлау қабілеттерін дамыту. Түрлі түсті шеңберлерден, Пирамида құраймын, Ең үстіңгі түсті алып, Қайта кілемге шашамын. (сенсорика, тіл дамыту және көркем әдебиет) | Тақпақты мәнерлеп оқу жаттығуы. (тіл дамыту және көркем әдебиет) Міндеттері: Балалардың шығарманы суретті қарап немесе көрнекіліксіз көркем тыңдауға үйрету; таныс өлеңдерді оқыған кезде балаларға сөздерді, сөз тіркестерін қосылып айтуға мүмкіндік беру. «Бәйтерек». Отанымның тірегі Астанамның жүрегі. Мақтан етем өзіңді, Бәйтерегім киелі. | Алдымызда ұзынша, Жайылып тұр жолақша. Топ-топ басайық, Бірге жылдам барайық. Секіреміз оп-оп! Біз жүреміз топ боп. Д. Ахметова (тіл дамыту және көркем әдебиет) "Ғажайып дорба" ойыны. (тіл дамыту және көркем әдебиет, қоршаған әлеммен таныстыру) Міндеттері: Балалардың сөздік қорын заттарды білдіретін зат есімдермен, заттардың түсін, көлемін, пішінін білдіретін сын есімдермен байыту; қасиеттерін тануға ынталандыру. | "Менің Отаным" тақпағын мәнерлеп оқу, қимыл жаттығуы. Міндеттері:Балаларды Е. Өтетілеудің "Отан туралы" тақпағын мұқият тыңдап, педагогтің соңынан еліктеп айтуға ынталандыру. Отан туралы алғашқы түсініктерді қалыптастыра бастау. Құралдар: балалардың санына қарай Қазақстанның табиғаты бейнеленген кәдесый жалаулары. балалар тақпақты мәнерлеп оқып береді. Жалауларды үлестіреді. Балалар қолдарына жалауларды ұстап тұрады,қосылады. "Менің Отаным". Отан деген – атамекен, Отан деген – туған жер. Отан – ана, Отан үлкен, Қазақстан – туған ел! (тіл дамыту және көркем әдебиет) | "Қалашық құрастырамыз" ойын атрибуттары. Міндеттері:Арнайы "лего" құрылыс бөлшектерінен қарапайым құрылыстарды құрастыруды үйрету; қолдың ұсақ моторикасын, кеңістікті бағдарлау қабілетін дамыту. "Лего" немесе ағаштан жасалған құрылыс ойыншықтары. әр бала өз үйлерінің құрастырып, бәрін ортақ құрылысқа біріктіруге ұсыныс жасайды. (құрастыру) |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Серуенге дайындық** | Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: белгілі реттілікпен киінуге және шешінуге, тісті тазалауға, ұқыптылыққа, киіміндегі олқылықтарды байқауға, оларды ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге, ас ішу құралдарын орнымен қолдануға баулу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет) | | | | |
| **Серуен** | Картотека№ | Картотека№ | Картотека№ | Картотека№ | Картотека№ |
| **Серуеннен оралу** | Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)<br>Сабынды дұрыс қолдануды, қолды жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді, орамалды орнына іліуді үйрету. Тамақтанар алдында қолды жуу, таңертең және кешке тісті тазалау дағдыларын қалыптастыру.<br>Қанеки, жеңді түрейік,<br>Қолды жуып, күлейік.<br>Құрғақтап сүртіп қолды,<br>Орамалды орнына ілейік.<br>"Үнемді тұтыну": Біз ақылды баламыз. «Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру. | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** | | | | | |
| | Кіші жастағы баланың есте сақтауын қалай дамытуға болады? https://bilimkids.kz/correction_work/6203 | Әңгіме жүргізу: "Бала танымын дамытудың маңыздылығы". | "Балаға айналадағы заттардың атауын атап айтқызу және оған сол заттар туралы сұрақтарды қоюдың ерекшеліктері". | "Ата-ананың баланы балабақшаға әкелуі және алуы кезіндегі әрекеттері" | Ата-аналарға кеңес. "Демалысты пайдалы өткізу". |

Тәрбиешілер : Исмагулова Д.Г Фатхоллина А.Ж

Тексерілген күні: 29.09.2025
Әдіскер: А.Ж. Жумагалиева

# ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

**Қыркүйек айы (5апта)**

Мектепке дейінгі ұйым:«Балбобек» жеке бөбекжайы
Топ: Құлыншақ кіші топ
Балалардың жасы: 2 жастағы балалар
Қандай кезеңге жасалды (апта күндерін, айды, жылды көрсету): 29.09 - 03.10.2025ж.

**Қыркүйек – Еңбеккорлық және кәсібі біліктілік айы**

| Апта күндері | *Дүйсенбі* | *Сейсенбі* | *Сәрсенбі* | *Бейсенбі* | *Жұма* |
|---|---|---|---|---|---|
| | 29.09.2025 | 30.09.2025 | | | |
| **Барымыз да, бағымыз да – Тәуелсіздік**<br>**Қасым-Жомарт Тоқаев** | | | | | |
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. Білім тақырыбында әуенді қосып қарсы алу.<br>Сәлемдесу<br>Бақыт толы шеңберге,<br>Шаттық толы шеңберге<br>Қол ұстасып келдік біз,<br>Жан достармыз енді біз<br>(тіл дамыту және көркем әдебиет) | | | | |
| **Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру** | "Балалардың ең сүйікті ойыншығы мен заты" | Мектепке дейінгі кіші жастағы баланың зейіні https://bilimkids.kz/correction_work/6206 | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары)** | «Өнегелі тәрбие»<br>Еңбек: Табиғат бұрышындағы өсімдіктерді бақылау, топырақтың құрғақ болғанына көңіл аудару, фикусті су құйғыш арқылы суаруды көрсету.<br>«Менің Қазақстаным» Қазақстан Республикасының Гимн орындауы.<br>Міндеттер: Балаларды патриоттық тәрбиені қалыптастырады.<br>(музыка)<br>«Моншақтарды тізу» дидактикалық ойыны<br>Мақсат-міндеттері. Негізгі түстерді ажыратуға және дұрыс атауға үйрету, қолдың ұсақ моторикасын дамыту, табандылыққа тәрбиелеу.<br>Бір-бір моншақ алайық,<br>Жіпке оны тізейік.<br>Әдемі моншағымызды,<br>Анамызға сыйлайық.<br>(сенсорика, тіл дамыту және көркем әдебиет) | «Өнегелі тәрбие»<br>Еңбек: "Топтың ішін ретке келтір".<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды ересектерге көмектесуге машықтандыру; шкафтағы ойыншықтар мен құралдардың ретсіздігін байқап, тазалықты орнатуға тарту; еңбек дағдыларын, ұқыптылықты қалыптастыру.<br>"Пішін салғыш ойыншықпен ойын.<br>(сенсорика, көркемсөз)<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың жағымды көңіл күйлерінің пайда болуына мүмкіндіктер жасау; ойлау қабілетін, зейінін, қолдың моторикасын дамыту.<br>Пішіндер шашылып қалды,<br>Үйшіктеріне қонбады.<br>Қане, барлығын жинайық,<br>Ұяларға салайық.<br>Саусақ жаттығуы: «Құырмаш»<br>Міндеттер: балалар ән сөзіне қарай қимыл жасай алады.<br>Қолдың ұсақ моторикасы дамиды.<br>(Музыка) | | | |
| **Ертеңгілік жаттығу** | 1 – Бастапқы қалып: негізгі тұрыс, қолды төмен түсіріп тұру.<br>1.1. – қолды жан-жаққа созу, жоғары көтеру, саусақтарды қимылдату, "Жалауды желбіретейік" деп айту, демді ішке тарту.<br>1.2. – қолды төмен түсіру, демді сыртқа шығару (3 рет қайталау).<br>2. Бастапқы қалып: аяқтарды сәл алшақ қойып, қолды төмен түсіріп тұру.<br>2.1. – басты оңға ию, қолды екі жаққа жіберу, жалауларды желбірету.<br>2.2. – Бастапқы қалыпқа оралу.<br>2..3. – басты солға ию, қолды сырғытып төмен түсіру, жалаулардың басын жоғары қаратып тік ұстау.<br>2.4. – Бастапқы қалыпқа оралу (3 рет қайталау).<br>3. Бастапқы қалып: аяқтарды бірге қою, қолды төмен түсіріп тұру.<br>3.1. – жерге отыру, қолды жанына қою, жалауларды желбірету.<br>3.2. – Бастапқы қалыпқа келу.<br>3.3. – жерге отыру, қолды алға жіберу, жалауларды желбірету.<br>3.4. – Бастапқы қалыпқа келу (3 рет қайталау).<br>(дене тәрбиесі) | | | | |
| **Таңғы ас** | Гигиеналық дағдылар<br>Күнделікті өмірде гигиеналық дағдыларды сақтау қажеттігін білу. Тамақтанар алдында қолды жуу, таңертең және кешке тісті тазалау дағдыларын қалыптастыру.<br>Сабынды дұрыс қолдануды, қолды жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді, орамалды орнына ілуді үйрету.<br>Сылдырлайды мөлдір су,<br>Мөлдір суға қолыңды жу.<br>Жуынсаң сен әрдайым,<br>Таза бетің, маңдайың. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Тазалықтың досы<br>Су дегенің осы.<br>""Үнемді тұтыну"": Біз ақылды баламыз. «Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру.<br>Үстел басындағы мәдениеттің қарапайым дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты аузды жауып шайнау.<br>Балаларға тамақ ұнайды,<br>Балалар ешқайда асықпайды,<br>Бір жапырақ нанды<br>Үгітпей жейді,<br>""Рақмет"" дейді. (Д. Ахметова)<br>Ас - адамның арқауы. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет) | | | | |
| Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізуге дайындық | «Менің Қазақстаным» - Қазақстан Республикасының әнұранын орындау.<br>"Күй күмбірі": "Бозінген" - Сүгір (орындаған Жангали Жұзбай) https://kitap.kz/music/2/zhangali-zhuzbaydyng-shertken-kuyleri<br>«Өнегелі тәрбие»: Табиғат және қоршаған әлем. Тақырыбы: «Бізді қоршаған табиғат». Мақсаты: қоршаған заттарды күту, табиғатты аялау үлгілерін көрсету. Қауіпсіз жайлы дамытушы білім беру ортаны қалыптастыру | | | | |
| | Балалардың жағымды көңіл күйлерін қалыптастыру.<br>Ұйымдастырылған іс-әрекетке жағымды эмоциялық ахуалда ауысу үшін бәсеңдеу дыбыста салмақты әуенжазбасын қосу.<br>Қош келдің, Алтын күз!<br>Алтын жапырақты күз!<br>Біздің қолдарымыз<br>жапырақтардай.<br>Қолдарымызбен ойнаймыз былай, былай.<br>(тіл дамыту және көркем әдебиет) | Пішінсалғыш ойыншықпен ойын.<br>(сенсорика, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Мақсат:<br>балаларға пішіндерді өзіне сәйкес келетін ұяшыққа дұрыс салуды үйрету; олардың пішіні түсі, көлемі туралы айтқызу; ойлау, зейін, сөйлеу, еске сақтау, қолдың ұсақ моторикасын дамыту.<br>ортаға пішін салғыш ойыншығын қояды. Оның ұяшықтарының пішіндері туралы айтады. Ойыншықтың ішінде жатқан әртүрлі пішіндерді шығарады. Балаларға осы пішіндерді түсі мен көлемі өзіне сәйкес келетін ұяшыққа салу керектігін түсіндіреді.<br>Пішіндерді жинайық,<br>Ұяшыққа салайық!<br>Балалар ойын ойнауды бастайды.<br>Балаларға пішіндердің түсі, көлемі туралы сұрақтар қойып отырады. Балаларды мақтайды, қолдау көрсетеді. | . | | |
| Кестеге сәйкес ҰІӘ | **Ерте жас**<br>**Дене тәрбиесі**<br>"Дана қуыршақпен сапқа тұру".<br>Міндеттері:балаларға Дана қуыршақпен бірге сапқа тұруды үйрету және техникасын көрсету; | **Ерте жас**<br>**Музыка**<br>"Қуыршақ Әйгерімнің барабаны".<br>Міндеттері: балалардың музыкаға деген қызығушылықты ояту. Музыканы тыңдауға қызығушылықты қалыптастыру, | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | сапқа тұру жаттығуын орындауда епттілік пен икемділік дағдыларын дамыту; мәдени-тазалық ережелерін сақтауға тәрбиелеу. Жалпы дамытушы жаттығуларды педагогтің соңынан қайталап, ойындарды ойнату, балалардың денсаулығын нығайту. | музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдау, оны тыңдау, дыбысталу ерекшеліктерін ажырата білу. Ән айтуға деген қызығушылықтарын ояту, жекелеген сөздер мен буындарды айту. Музыканың сүйемелдеуімен топпен жүру және жүгіру дағдыларын қалыптастыру. Музыкалық-ырғақтық қимылдарды жасауды үйрету. Балаларды кейбір музыкалық аспаптардың (барабан) дыбыстарымен таныстыру.<br><br>"Барабан" ойыны.<br>Мақсаты: музыкалық аспаптарды бір-бірінен ажыратуды үйрету. | | | |
| | | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Кіші топ**<br>**Дене тәрбиесі**<br>"Текшелерді айналып жүгіремін".<br>Мақсаты :балалардың текшелерді айналып жүгіру жаттығуларын орындауын пысықтау; балалардың жүру және жүгіру қимылдарын бақылау, қайталату; тура және айналма жолмен жүгіру барысында жылдамдық,ептілік дағдыларын дамыту, балаларда жағымды эмоциялық көңіл күй туындату. Жалпы дамытушы жаттығуларды соңынан қайталап, ойындарды ойнату, балалардың денсаулығын нығайту. Негізгі қимыл түрлерін жетілдіру: жүру, жүгіру. Балалардың қимылды ойынға қызығушылығын дамытуға ықпал ету.<br>"Жел тұрды" жаттығуы.<br>Мақсаты:сөздік нұсқау бойынша қимылдарды орындауды үйрету.<br>(дене тәрбиесі) | **Кіші топ**<br>**Музыка**<br>"Айгөлектей дөңгелеп".<br>Мақсаты : музыкаға деген қызығушылықты ояту. Музыканы тыңдауға қызығушылықты қалыптастыру, музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдау, оны тыңдау. Балаларды еліміздің Әнұранын ерекше эмоциялық сезімде қабылдауды және әннің сыр-сипатын ажыратуды үйрету. Музыканың сүйемелдеуімен топпен және шеңбер бойынша қол ұстасып жүру және жүгіру дағдыларын қалыптастыру. Музыкалық-ырғақтық қимылдарды әуенмен үйлесімді жасай білуге жаттықтыру. Қарапайым би қимылдарын орындау.<br><br>"Кім жылдам қозғалады?" ойыны.<br>Мақсаты: ойнатылған әннің әуеніне би билеуді үйрету. | | | |
| | "Ғажайып дорба" ойыны. (тіл дамыту және көркем әдебиет, қоршаған әлеммен таныстыру) | Тіл дамыту және көркем әдебиеттен ойын-жаттығулар.<br>"Жемістер мен көгөністер". | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Мақсаты:балалардың сөздік қорын: ойыншық, киім, аяқкиім, ыдыс, жиһаз, көгөніс пен жеміс, үй жануарлары мен олардың төлдерінің атауларын, көлік құралдарын және жеке бас гигиенасы заттарын білдіретін зат есімдермен, заттардың түсін, көлемін, пішінін білдіретін сын есімдермен байыту; қасиеттерін тануға ынталандыру. | Мақсаты:балаларға күз мезгілі туралы түсінік беру; күзде өсетін жемістер мен көгөністер атауларымен таныстыру; күз ерекшеліктері мен құбылыстары жөнінде білімдерін кеңейту. Балалардың жемістер мен көгөністер атаулары арқылы қабылдау қабілеті мен тілін, ой-өрісі мен есте сақтауын дамыту.<br>"Жеміс-көгөніс" дидактикалық ойыны.<br>Мақсаты: ереже бойынша ойнауды үйрету, еске сақтау, зейін, ойлау, сөйлеу қабілетін дамыту. | | | |
| 2-ші таңғы ас | Тағамның атауын есте сақтауға, тазалыққа бейімдеу. "Тәбетіміз ашылды, ас болсын!" (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет) | | | | |
| Серуенге дайындық | Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)<br>Ересектің бақылауымен белгілі бір ретпен киіну және шешіну, әртүрлі ілгектерді қолдана білу дағдыларын қалыптастыру.<br>Қауіпсіздік. Балаларға "бұрыс", "дұрыс емес", "қауіпті" ұғымдарын қалыптастыру, серуенде, құммен ойындарда қауіпсіздік ережелерін сақтау жайында ескерту.<br>Біз ақылды баламыз,<br>Мұқият боламыз:<br>Апайлардың айтқанын<br>Құлақ салып тыңдаймыз:<br>Қызықты болса да заттарды<br>Жерден алып көтермейміз.<br>Жерге түскен заттар, тіпті<br>Болу мүмкін қауіпті.<br>Ұялмаймыз -<br>Апайдан сұраймыз. (Д. Ахметова) | | | | |
| Серуен | Картотека № 1 | Картотека № 5 | Картотека № | Картотека № | Картотека № |
| Серуеннен оралу | Балаларды киімдерін жүйелі түрде шешуді дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)<br>Сабынды дұрыс қолдануды, қолды жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді, орамалды орнына ілуді үйрету. Тамақтанар алдында қолды жуу, таңертең және кешке тісті тазалау дағдыларын қалыптастыру.<br>Алақандар қайда?<br>Тығылыпты сайда.<br>Қане, суға тосайық,<br>Жуынайық. (Д. Ахметова)<br>"Үнемді тұтыну": Біз ақылды баламыз. «Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру. | | | | |
| Түскі ас | Гигиеналық дағдылар<br>Күнделікті өмірде гигиеналық дағдыларды сақтау қажеттігін білу.<br>Үстел басындағы мәдениеттің қарапайым дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау.<br>Ас - адамның арқауы. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)<br>Ұйықтар алдында киімдерін шкафқа немесе орындыққа ұқыпты бүктеп қоюға ынталандыру. | | | | |
| Күндізгі ұйқы | Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытады. | Өз төсек орнын тауып жатуды үйренеді.<br>«Үш аю» ертегісін оқып беру. | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. (музыка) | (тіл дамыту және көркем әдебиет) | | | |
| **Ұйқыдан біртіндеп ояту, сауықтыру шаралары** | Ұйқыдан тұрғаннан кейін төсекте жатып жаттығу жасау; төсектерінен тұрмай жатып, көрпелерін ашпай жатқан күйінде балалар жалпы дамыту жаттығуларының аз мөлшерін орындайды (төсекте жатып 2-3 минут жасалатын жаттығулар балалардың ұйқысы ашылып, сергек болуына бағытталған). Жаттығуды ұйқыдан оянған балалармен өткізген дұрыс, қалғандары оянған кезде қосылады).<br>Жалпақтабандықтың алдын алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру.<br>(дене тәрбиесі) | | | | |
| **Бесін ас** | Алдына қойған асқа назар аударту; тамақтану мәдениетіне баулу. (мәдени-гигиеналық дағдылар) | | | | |
| **Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)** | Саппен жүру жаттығуы.<br>Мақсаты: балалардың сапта түзу бағытпен жүріп, екі аяқпен секіріп, алға жылжу қабілеттерін жетілдіру, тепе-теңдікті сақтау қабілеттерін дамыту, бұлшық еттерін шымыр ету. Балаларды көркемсөзбен қимылдарға ынталандырады. (дене тәрбиесі)<br>Алдымызда ұзынша<br>Жайылып тұр жолақша.<br>Топ-топ етіп басайық,<br>Қадам басып барайық.<br>Секіреміз оп-оп!<br>Біз жүреміз топ боп.<br>Д. Ахметова | "Жапырақтарды жинайық" дидактикалық ойыны.<br>Мақсаты:балаларды жапырақтарды түстеріне қарап ажыратуды жаттықтыру; қызыл, сары жапырақтарды екіге бөліп, екі себетке салуды үйрету.<br>Құралдар: сары және қызыл жапырақтар, екі себет (үлкен және кішкентай). (сурет салу, қоршаған әлеммен таныстыру)<br>Тақпақты мәнерлеп оқу жаттығуы. (тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Мақсаты: балалардың шығарманы суретті қарап немесе көрнекіліксіз көркем тыңдауға үйрету; таныс өлеңдерді оқыған кезде балаларға сөздерді, сөз тіркестерін қосылып айтуға мүмкіндік беру.<br>Қ. Ыдырысов «Күзім»<br>Күзім-күзім, күзім-ау,<br>Мінезің бұзық-ау.<br>Жаңбырың сіркіреп<br>Келгенің қызық ау. | | | |
| **Балалармен жеке жұмыс** | Саусақ жаттығуы.<br>М. Әлімбаева "Ұшты талдан жапырақ".<br>Ұшты талдан жапырақ<br>Сары көбелек секілді.<br>Аспанда жай шатырлап,<br>Тамшы жерде секірді.<br>(тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Нурманға | Алдымызда ұзынша,<br>Жайылып тұр жолақша.<br>Топ-топ басайық,<br>Бірге жылдам барайық.<br>Секіреміз оп-оп!<br>Біз жүреміз топ боп.<br>Д. Ахметова<br>(тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Аяла Таспан | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Серуенге дайындық** | Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: белгілі реттілікпен киінуге және шешінуге, тісті тазалауға, ұқыптылыққа, киіміндегі олқылықтарды байқауға, оларды ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге, ас ішу құралдарын орнымен қолдануға баулу.<br>(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет) | | | | |
| **Серуен** | Картотека № 6 | Картотека № 7 | | | |
| **Серуеннен оралу** | Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)<br>Сабынды дұрыс қолдануды, қолды жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді, орамалды орнына ілуді үйрету. Тамақтанар алдында қолды жуу, таңертең және кешке тісті тазалау дағдыларын қалыптастыру.<br>Алақандар қайда?<br>Тығылыпты сайда.<br>Қане, суға тосайық,<br>Жуынайық. (Д. Ахметова)<br>"Үнемді тұтыну": Біз ақылды баламыз. «Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру. | | | | |
| | | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** | Әңгімелесу: "Ата-ананың баланы балабақшаға апару және бөбекжайдан алу кезіндегі әрекеттері", "Балаға айналадағы заттардың атауын атап айтқызу және оған сол заттар туралы сұрақтарды қоюдың ерекшеліктері". | | | | |

**Тәрбиешілер :** Фатхоллина А.Ж Исмагулова Д.Г